

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**

**«Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІ»
РМҚК**



**Ә. ҚАСТЕЕВ атындағы ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ
2019 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ**

Алматы, 2019

Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕР МУЗЕЙІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ

Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында ұлттық мәдениеттің, руханилықтың, тарихи әрі көркемдік мұраның құндылығы мен маңыздылығын атап көрсетеді. «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы». Бұл пікір халықтың тарихи зердесін сақтау болып табылатын музейдің миссиясын айқындайды.

Елдің бай мәдени мұрасы мен көркемдік қазынасының басты сақтаушысы музейлер болып табылады. Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің қызметі музейдің басты миссиясын жүзеге асыруға бағытталған, ол Қазақстан Республикасының көркем мұраларын сақтау және кеңінен тарату. Миссияның сәтті орындалуы үшін Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі өз қызметін келесі салаларда жүзеге асырады: коллекциялау, сақтау, ғылыми-зерттеу жұмысы, реставрация, әлемдік өнердің шығармаларын кең көрермендер аудиториясына насихаттау. Музейдің құрылымына сақтау және реставрациялау орталықтары, ғылыми бөлімдер, экскурсиялық және сыртқы байланыс, көрмелер мен экспозициялар орталығы, баспа бөлімі, техникалық қызмет көрсету және әкімшілік аппараты кіреді. Музей жанында қызмет істейтін екі бөлімше бар: Орталық көрме залы және Ә. Қастеевтің музей-үйі.

Музей жұмысының тиімділігі қор, экспозиция, ғылыми, ақпараттық, білім беру, жобалау сияқты музей қызметінің негізгі түрлерін қамтитын барлық құрылымдық бөлімшелердің жоспарлы және тәртіпке келтірілген жұмысына негізделеді.

Мемлекеттің мәдени саясатының негізгі кластері болып табылатын музей Республика басшысының мақаласында көрсетілген негізгі ұсыныстарды ұстанады.

МУЗЕЙДІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ЖЕТІСТІКТЕРІ

2019 жылы музей бірқатар маңызды жобаларға, соның ішінде халықаралық ынтымақтастық аясында бастамашылық етті және жүзеге асырды.

«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі қазақстандық мәдениеттің әлемдік үдеріске интеграциялануы. 2019 жылы Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейі ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қодауымен музей қорынан ең үздік туындыларды шетелдік көрерменге ұсынған бірқатар маңызды көшпелі көрмелерді іске асырды.

Музей қорынан халықаралық көшпелі көрмелер:

- **«Алпысыншы жылғылар: түркі романтизмі»**, 6-31 наурыз 2019 жыл, Мәскеу, Ресей. Экспозиция алпысыншы жылғы суретшілердің 50 аса кескіндеме, графика және мүсін туындыларын ұсынды.



- **«Сергей Калмыковтың жұлдызды тостағаны»**, Санкт-Петербург, 22 наурыз – 21 сәуір 2019. Көрме музейдің бірегей коллекциясынан белгілі авангардшы С. Калмыковтың кескіндеме және графика туындыларының үздік үлгілерін ұсынды.



- «Қазақ даласының ырғақтары» қазақстандық графика көрмесі, Венеция, 11 мамыр – 11 шілде 2019. Экспозиция музей жинағынан Қазақстан графиктерінің үздік үлгілерінен тұрады.



Өзбекстандағы Қазақстан жылына арналған кең ауқымды «Қазақстан – таулар мен дала рухы» көрмесі Ташкент қаласында 2019 жылдың 20 желтоқсанында ашылады.



Экспозициялар халықаралық мәдени байланыстардың әрі қарай нығаюына мүмкіндік бере отырып, қазақстандық өнерді шетелде танытуда өзіндік рөл атқарды.

Музей тарихында алғаш рет Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ Смитсон институтымен бірлесіп өткізген халықаралық ғылыми симпозиум өтті. «Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнері және креативті экономика» ғылыми симпозиумы 2019 жылы 4 қазанда Вашингтонда өтті. Симпозиумның қорытындысы бойынша баяндамалар жинағы басылуға дайындық үстінде.



Халықаралық өзара мәдени іс-қимылды нығайту аясында Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ 2019 жылы мына ұйымдармен Ынтымақтастық туралы

меморандумға отырды:

1. «Ресей көркемсурет академиясының жанындағы ғылыми-зерттеу музейі» федералдық мемлекеттік бюджеттік мәдениет мекемесі (Санкт-Петербург, Ресей);
2. «АТЦ-галерея» ЖШС («Целинный» өнер орталығы, Алматы);
3. Әзірбайжан ұлттық кілем музейі;
4. Әзірбайжан ұлттық өнер музейі;
5. «Санкт-Петербург гуманитарлық кәсіподақ университетінің»;
6. Мемлекеттік емес жоғарғы кәсіби білім беру мекемесінің Алматыдағы филиалы.

Музей қорынан көрнекті шеберлердің туындыларын, сондай-ақ акварель техникасында орындалған Қазақстанның заманауи суретшілерінің жұмыстарын біріктірген **«Қазақстан акварелі: кеше және бүгін»** ауқымды республикалық жобасын сәтті жүзеге асырды. Көрме 18 мамыр – 1 қыркүйек кезеңі аралығында өтті және каталог жарыққа шықты.



Тақырыбы «Ғылым және музей: Теория және практика» болып белгіленген жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық конференциясы сәтті өтті. Конференция аяқталуына қарай материалдар жинағы жарыққа шықты.



2019 жыл Мемлекетпен Қазақстанда Жастар жылы болып белгіленді, музей балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әсем Әлем Жастар» атты оқу бағдарламасын әзірлеп, іске қосты. Бұл балалар мен жасөспірімдерге әлемдік көркем мәдениет тарихындағы «Әсем Әлем Жастар» курсының оқытудың жаңа форматына бағытталған Қазақстандағы алғашқы музейлік жоба. Курстың ерекшелігі белгілі бір дәуірге немесе көркемдік стильге арналған теориялық және практикалық сабақтардың бірігуі болып табылады. Қазіргі уақытта курс 10 сабақты қамтиды, келешекте балалар мен олардың ата-аналарында қызығушылық тудырған бағдаламаларды кеңейту жоспарлануда.



Экскурсии в Ночь в музее, 18 мая 2019

Музей қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі **көрме-экспозиция жұмысы** болып табылады. 2019 жылы **65 уақытша көрме өткізілді: 3 көшпелі+48+15 (ОКЗ)**, соның ішінде 13 халықаралық. Халықаралық жобаларда музей 2019 жылы РФ, Жапония Италия, АҚШ, Қырғызстан, Германия, Қытай, Корея және Өзбекстанмен ынтымақтастықты жүзеге асырды.

2019 жылғы **мерейтойлық көрмелер**: Табылды Мұқатов, Есімғали Жұманов, Асқар Есенбаев (мүсін), Иса Әбдукәрім, Владимир Киреев, Эдуард Казарян (мүсін), Шоқан Төлеш (мүсін), Мәжит Байтенов, Үкі Әжиев, Макым Қисамединов, музей жинағынан мерейтой суретшілер (Г. Ысмаилова, В. Эйферт, Е. Карасулова, М. Лизогуб, Н. Нұрмұхаммедов, Л. Брюммер, А. Риттих және басқалары).

Музей коллекциясының **жалпы жиынтық ғылыми каталогы** бойынша жұмыс жалғасуда. Қазақстан кескіндемесі каталогының (У-Я, театр-декоративті кескіндеме және соңғы жылдардағы жаңа түсімдер) III (соңғы) томы мен орыс өнерінің каталогы баспаға дайын. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясындағы Қытай өнері каталогының макеті аяқталуға жақын. Өкінішке орай, каталогтар шығару қаржыландырылу мәселесінің ашық қалдырылуына байланысты кейінге қалды (бұрын каталогтар демеушілік қаражат есебінен шығарылатын).

«**Цифрлық Қазақстан**» бағдарламасының аясындағы музей қызметі бірқатар бағыттардан тұрады. Ә. Қастеев атындағы өнер музейі фотограмметрия әдісімен 3D сканерлеудің әдісі мен технологиясы меңгеріліп, 3D зертханасы құрылған Қазақстандағы алғашқы музей болды. Музей келесідей бағыттарда жұмысын жалғастырады:

- Музей коллекциясының толық электронды каталогын жасау;
- электронды мәліметтер базасын құрастыру;
- 3D модельдермен цифрлық 3D мұрағатты толықтыру – жыл басынан шамамен 800 бірліктей;
- Музей жинағы бойынша мәліметтерді Бірыңғай мем.каталогқа, Қазақстанның мәдени мұрасы мен музейлік заттарының 9 000 саннан тұратын Бірыңғай Мемлекеттік тізіліміне беру;
- Суретшілер қолтаңбаларының деректер жинақтамасын құру;
- Музей сайтымен және әлеуметтік желілермен жұмыс.

Музей мен оның іс-шараларының **ақпараттық өрлеуі** барлық музей іс-шараларын кеңінен қамтуды, БАҚ жүйелі түрде ақпараттың шығуын (жылына 2 000-нан астам), музей сайтының үнемі жаңартылып отырылуын және әлеуметтік желілердің жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.



Адами капиталдың сапасын жетілдіру. Музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасау – магистратура мен докторантураға

түсу, БАФ курстарынан өту. Әр қызметкердің жеке және кәсіби өсуі бойынша жұмыс музейдің басым міндеттерінің бірі болып табылады: семинарлар мен тренингтер, халықаралық тағылымдамалар.

Музейде білім және ғылым саласында мем.бағдарламаларды жүзеге асыру. Музей, музейлік педагогиканың білім беру жобалары мен бағдарламаларын белсенді өткізеді. Олардың қатарында: «Әсем Әлем» Академиясының аясында өнер тарихы бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі дәрістер курсы, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер мен пікірлесі алаңдары, «Музей түні», отбасылық фестивальдер, квесттер.



Музейдің әлеуметтік жобалары. Мүмкіндігі шектеулі көрермендерді қосқанда, тұрғындардың барлық тобының музейге келуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған «Қол жетімді музей» кең ауқымды әлеуметтік жобасын жүзеге асыруды жалғастыру. Мүгедектерге арналған шығармашылық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу. Мүмкіндігі шектеулі келушілермен экскурсиялық жұмыс әдістемесі игеріліп, іс жүзінде енгізілді.

Қайырымдылық жобасы – Авторлық қуыршақтардың «Періштелер уақыты» II атты халықаралық қайырымдылық көрмесі, аукцион саудасы муковисцидозға шалдыққан балаларға көмекке беріледі. РФ Бас консулдығымен бірлескен. Жобада қойылымдар, концерттік бағдарламалар қатар жүрді (11-27 қаңтар).



Туризмнің даму перспективаларын ескере отырып, біз туристік кластердегі негізгі бөлім ретінде музейдің рөлін күшейтуге ұмтыламыз. Музей инновациялық жұмыс түрлерін дамыту арқылы келушілердің қызығушылығын тудыруға тырысады.

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ үшін 2019 жылдың жалпы жоспарлы көрсеткіштері

- Экскурсия, лекциялар өткізу – 600 – **орындалды**
- Келушілердің қамтылуы – 100 000 адам – **асыра орындалды**
- Көрмелер өткізу – 50 – **асыра орындалды**
-



**Ә. ҚАСТЕЕВ АТЫНДАҒЫ ҚР МӨМ
МУЗЕЙЛІК БӨЛІМШЕЛЕР БОЙЫНША
2019 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ**

МУЗЕЙДІҢ ҚОР ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

Музейдің қор жұмысы музей ісінің маңызды бөлімі болып табылады, өйткені музей жинағын толықтыру, қалыптастыру және сақтау музей миссиясының басты міндеті болып табылады. Музейдің қор жұмысы көркем туындыларды есепке алу, сақтау және реставрациялау болып бөлінеді.

2019 жылғы 1 желтоқсандағы Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қор саны 25 337 жәдігерді құрайды.

2019 жылы қор 232 жаңа түсіммен толықты, оның 97 сақтау бірлігі сыйға берілді.

Қор сақтау қызметкерлері деректерді Музей құндылықтарының мемлекеттік каталогының электрондық базасына және ҚР Мемлекеттік тізіліміне (екі тілде) беру бойынша жұмыс істейді – 2019 жылы барлығы 9 000 сақтау бірлігі жайлы мәліметтері жіберілді.



Музейдің қор, сондай-ақ есепке алу және сақтау секторының қызметіне жәдігерлерді тұрақты сақтауға қабылдау (сыйға, ККД, Қор-сатып алу комиссиясынан берілгендер); музейдің жұмыс жоспары аясында Қор-сатып алу комиссиясын өткізу; жәдігерлерді уақытша сақтауға қабылдау; жәдігерлерді көрмелерге беру (соның ішінде көшпелі); жәдігерлерді инвентарлық сипаттамаға беру, Қорларды цифрлау (суретке түсіру). Бұдан бөлек, бөлім қызметкерлерімен келесідей тұрақты жұмыс түрлері жүргізіледі:

- Реставраторлармен бірге профилактикалық байқау жүргізу, реставрациялау, туындының сақталу күйін сипаттау;
- Қажетті құжаттар мен музей ішіндегі қозғалыс актісін жасау;
- Мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қорда жыл сайын инвентаризация жүргізу;
- Бөлімдер бойынша қордағы бар заттарды салыстырып тексеру: зергерлік бұйымдар (күміс), киіз және мүсін, тоқыма, ағаш, қыш;
- Сипаттамаларды инвентарлық кітаптарға түсіру, туындыларды белгілеу;
- Музей қорындағы жұмыс картотекаларын ғылыми бөлімдер: Қазақстан кескіндемесі, тоқыма және сәндік-қолданбалы өнер, ежелгі орыс өнері, орыс және Батыс Еуропа өнері қорларындағы картотекалармен салыстыру;

- Музейдің жалпы каталогтарымен жұмыс: Қазақстан кескіндемесі – III том, Қазақстан графикасы, заманауи СҚӨ, Шығыс өнері.
- Телевизиялық түсірілімдер;
- Облыстық музейлердің, училищелердің, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ және Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА тәжірибе жинаушыларымен жұмыс;
- Реставрациялық кеңес пен Қор-сатып алу комиссиясын ұйымдастырып, өткізу.

Есепке алу және сақтау бөлімінің маңызды бөлімшелерінің бірі **реставрациялау бөлімі** болып табылады, бөлім қызметінің арқасында бірегей өнер туындылары сақталып, екінші өмірге ие болады.

Туындыларды реставрациялау бойынша 2019 жылдың сандық көрсеткіштері келесідей:

- Кескіндеме – 55 (тазалау және бекіту – 200 жәд.)
- Графика – 75
- Металл, тері – 20 (тазалау және өңдеу 200 жәд.)
- Жұмсақ инвентарь – 20 (тазалау және жеңіл-желпі реставрация 70 жәд.)
- Мүсін – 15.

Бөлім қызметкерлерімен іс жүзінде реставрацияланды:

149 туынды, оның ішінде:

- **Кескіндеме – 23**
- **Графика – 42**
- **Металл, тері – 49**
- **Жұмсақ инвентарь – 24**
- **Мүсін – 11.**



Зақымдалған және реставрациялау жұмыстарына мұқтаж жұмыстардың барлық түрлері бойынша жоспарлы тексеру жүргізілді: кескіндеме – 494 жәдігер, графика – 450, жұмсақ инвентарь – 200, металл, тері – 500.

Көрмеде ұсынылған туындылардың сақталу сипаттамасы жасалды – 494 жәдігер.

2019 жылы Реставрациялық кеңестің 5 отырысы өткізіліп, онда реставрацияланатын жұмыстарды таңдау мақұлданды. Қорытындылар атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетті.

Бөлім қызметкерлері тағылымдамаларға және біліктілікті арттыру курстарына қатысты.

Реставрация бөлімі қызметкерлерінің басқа да міндеттері:

1. Шығармаларды реставрация жасалу уақыты, оған дейін және кейін фото тіркеу .
2. Өнер туындыларын шаңнан, кірлеуден тазарту, жақтауларды жөндеу және бояу.
3. Реставрацияға түскен шығармаларды конверттеу.
4. Қордағы жоспарлы дәрілеу: тоқыма, киіз, кілемдер, жұмсақ инвентарь.
5. Арнайы әдебиеттермен жұмыс, конференция, семинар, көрмелерге қатысу – жыл ағымында.



Консультация реставратора из Санкт-Петербурга

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

Музей көркемдік ұйым ғана емес, ғылыми-зерттеу орталығы ретінде қызмет ететіндіктен, ғылыми жұмыс музей қызметінің басты басым бағыттарының бірі болып саналады. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты – мұражай коллекциясын зерттеу. Оған суретшілер мен оның заманы туралы деректі мәліметтерді жинау, атрибуция бойынша зерттеу жұмысын жүргізу, жиналған мәліметтерді түйіндеу жұмыстары жатады. Теориялық зерттеулер ғылыми және көпшілікке дәріптеу мақсатында басылымдарда, конференцияларда айтылып, жеткізіліп, практикалық қолданысқа ие болады, сондай-ақ экскурсия, дәріс және әдістемелік жұмыстар дайындаған кезде пайдаланылады.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын мемлекеттік өнер музейінің ғылыми қызметін жетілдіру, сонымен бірге Қазақстан мен шет елдердің ғылыми, шығармашылық және педагогикалық қоғаммен байланысын нығайтып, кеңейтуді басты мақсат еткен мұражайдың Ғылыми кеңесі басқарады. Ғылыми кеңес кешенді даму бағдарламасын әзірлейді, ғылыми қызметтің басты бағыттары мен проблемалары бойынша өзгерістер

енгізеді, мақсатқа сай келетіндігі жайлы қорытынды жасап, баспадан шығаруға дайындалған ғылыми, ғылыми-анықтамалық және ғылыми-көпшілік сипаттағы жұмыстарды қарап шығады, т.с.с.

Музей қызметіндегі ғылыми-зерттеу бағытының басты бағыты – бас каталогтармен жұмыс. Бұл жұмыс оның мәні мен ролін анықтау және түрлі елдер мен дәуірлердің тарихи және көркемдік ахуалдарын талдау мақсатында коллекциядағы барлық бұйымдарды егжей-тегжейлі зерттеуге негіз болады. Бұл – түпкі мақсаты мұражай коллекциясының коллекциясының тақырыптық тараулары бойынша каталог шығару болып табылатын мұражай жинақтамасын егжей-тегжейлі зерттеліп, жүргізілетін ұзақ жылдық процесс.

Құрамына музейдің тәжірибелі қызметкерлері кіретін сараптама кеңесі жұмысы аясында мұражай қорындағы, сонымен бірге жеке жинақтамалардағы көркем туындыларды сараптап, атрибуттау – мұражайдың ғылыми қызметінің ажырамас бөлігі.

Тақырыбы «Ғылым және музей: Теория және практика» болып белгіленген жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық конференциясы 2019 жылдың 17-18 қазанында өтті.



Бұл мәселе музей жұмысындағы ғылыми қызметке, оның әр түрлі ерекшелігін ескере отырып, көңіл бөлуге мүмкіндік берді. Іс-шараға Қазақстандағы (Алматы, Өскемен, Семей) музейлердің мамандарынан басқа Өзбекстан мен Ресейдің ғалымдары қатысты. Баяндамалар ғылыми атрибуция, жекелеген суретшілердің шығармашылығын немесе бүкіл көркемдік бағыттарды зерттеу мәселелеріне арналды. Конференция аяқталуына қарай материалдар жинағы жарыққа шықты.

Музейге келушілер арасында «Кіші өнер академиясының» беделі зор – онда әлемдік және қазақстандық өнер тарихынан дәрістер оқылады. Ақпаннан маусымға дейін ежелден қазіргі кезге дейінгі түрлі елдердің көркемдік үдерісінің дамуын қамтыған әлемдік өнер топтамасы өтті.

Қазанда Қазақстан өнеріне арналған кезекті топтама жұмысын бастады, ол 2020 жылдың наурызына дейін жалғасады.



Лекции в рамках Академии искусств «Асем Алем»

Музей өз қызметкерлері үшін олардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатымен бірқатар ғылыми семинарларды ұйымдастырады және өткізеді: экскурсиялар өткізудің әдістемесі, экспозициялық кеңістікті ұйымдастыру, көрме тұжырымдамасын әзірлеу және т.б.

Ғылыми жұмыстың маңызды нәтижесі 4 қазанда Вашингтонда өткен «Қазақстанның қолданбалы өнері және креативті экономика» атты бірінші халықаралық қазақстандық-америкалық ғылыми симпозиумы аясында баяндама оқу мен жариялауға материалдар дайындау болды. Жинаққа Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ 11 қызметкерінің мақалалары және осы ғылыми жобаны ұйымдастыруда серіктес болған Смитсон институты мамандарының ғылыми зерттеу материалдары енеді.

Әрбір ғылыми қызметкер жеке ғылыми тақырыбын анықтайтын музей коллекциясы бөліміндегі нақты бір материалға ыңғайланып маманданады. Ғылыми жұмыстың практикалық ерекшелігіне мыналар жатады: ғылыми тақырып бойынша материалды жинап, зерттеу, өнер бұйымдарын атрибуттау, ғылыми-практикалық конференцияларға арналған мақала, баяндамалардың мәтіндеріндегі зерттеулер нәтижесін пайдалану, сондай-ақ оларды дәрістер мен экскурсияларды ғылыми талдауға, әдістемелік талдауларға пайдалану.

Музейдің әрбір ғылыми қызметкерінің жоспарына бір жылда кем дегенде 50 ғылыми сипаттама жазу енгізілген.

ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Коллекциясының қорында Қазақстанның кәсіби суретшілерінің кескіндеме, түпнұсқа және баспа графика, театр кескіндемесі және мүсіндік туындылары барлығы 11 807 жәдігері бар музейдегі ірі ғылыми бөлімдердің бірі. Бөлімнің негізгі ғылыми тақырыбы «Қазақстан бейнелеу өнері: тарихы және қазіргі заман» – Қазақстан суретшілерінің шығармашылығын зерттеу, жеке және ортақ стильдік ерекшеліктерін анықтау, Қазақстандағы бейнелеу өнері кәсіби мектебінің түрлі даму кезеңдеріндегі тарихи сатылардың көркемдік ерекшелігін айқындау.

Бөлімнің кадрлық құрамы 7 қызметкерді құрайды (Мырзабекова С. декреттік демалыстан 20 қараша күні шықты).

Жеке ғылыми тақырыптары

Мұқажанова К.Ж. бөлім жетекшісі	«Развитие жанровой картины в изобразительном искусстве Казахстана XX в.». Подтема: «Становление и развитие национальной художественной и искусствоведческой школы»
Мамытова С.М. ТДК секторының жетекшісі	«Қазақстан графика өнерінің 1960-жылдардан қазіргі кезеңге дейінгі даму мәселелері мен тенденциялары» (Тенденции и проблемы развития графического искусства Казахстана от 1960-х годов до современности)
Жадабайев А.Ж. Графика және мұсін секторының ЖҒҚ	а) Изобразительное искусство Казахстана 1970-1980-х гг. Основные этапы эволюции и особенности творческого метода мастеров живописи, графики и скульптуры Казахстана. б) «Последний рыцарь Великой степи. Жизнь и творчество А. Кастеева» (монография баспаға дайындық үстінде) в) «Владимир Эйферт» монографиясы жұмысының аяқталуы
Әбілдаева Л.О. Кескіндеме және театр-декорация өнері секторының ҒҚ	««Музей әлеміндегі жаңа тенденциялар: салыстырмалы анализ»»
Жұбанова Г. Графика секторының КҒҚ	«Қазақстан кинесуретшілер шығармашылығы. XX ғ.»
Омарова Е. КҒҚ	С.И. Калмыковтың кескіндемелік станокті туындыларындағы мәтіндердеің мағынасы

Бөлімнің басты жұмысы – музей коллекциясындағы ең саны көп бөлім – Қазақстан бейнелеу өнері қоры бойынша ғылыми каталог әзірлеу. Бірінші жартыжылдық ағымында Қазақстан кескіндемесі каталогының үшінші томымен жұмысты аяқтау. Қазақстан кескіндемесі каталогының үшінші томымен жұмыс іс жүзінде аяқталды, оған У-дан Я-ға дейінгі театр-декорация кескіндемесі мен соңғы жылдардағы жаңа түсімдер енеді.

Каталогпен жұмыс жасауда жәдігерлерді ғылыми өңдеу жүргізілуде – бөліммен барлығы 127 ғылыми сипаттама жасалды.

Ғылыми жұмыстың бір түрі атрибуция және туындыларды көркемдік бағалау болып табылады, 2019 жылғы жоспар бойынша Жадабайевқа – 15, Мұқажановаға – 10, Мамытоваға – 5 тапсырылды. Бөлім іс жүзінде 55 көркемдік туындыға ғылыми сараптама жасады, оның ішінде: Мұқажанова – 22, Жадабайев – 21, Мамытова, – 10 – 5, Омарова – 2 тапсырылды.

Каталогпен жұмыс

№	Каталогтың атауы	Жұмыс түрлері (аннотация, атрибуция, реатрибуция, ғылыми-анықтамалық аппарат, редакциялау және т.б.)	Жоспар бойынша көлемі
1.	<p>«Қазақстан бейнелеу өнері». Кескіндеме каталогы 3-том: 1. Кескіндеме (У-Я) 2. Театр-декорація өнері 3. Жаңа түсімдер</p>	<p>- экспонаттарды салыстыру; - каталогтарға инвентарлық нөмірлер енгізу - 498; - аяқтау; - каталогтарға қосымша мәліметтер енгізу - 609; - компьютерден түсіріліп алынған суреттерге мәліметер жазу; - кіріспе мақаланы, мәтінді, каталогтық мәліметтерді редакциялау;</p>	Бөлімнің барлық қызметкерлері
2.	<p>«Қазақстан түпнұсқа графикасы» каталогы</p>	<p>- жаңа жұмыстарды каталогқа енгізу – 11 дана - инвентарлық нөмірлерді енгізу – 11 дана - К.Я. Барановтың жұмыстарын енгізу</p>	Мамытова С.М.
3.	<p>«Қазақстан баспа графикасы» каталогы</p>	<p>Түпнұсқа графика – 29, баспа графика – 188 - М. Қисамединовтің инвентарлық нөмірлерін каталогқа енгізу – 99 бірлік</p>	Мамытова С.М.

Жыл ағымында музей қызметкерлері бірқатар ғылыми жарияланымдар даярлайды. Жалпы, бөлім әр түрлі дереккөздерде **12 ғылыми материал жариялады.** Ғылыми жарияланымдар мен конференцияларға қатысу аттас бөлімдерде толық көрсетілген.

Қызметкерлер экскурсиялар мен дәрістер өткізуге, оның ішінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қатысады. Қазақстан бейнелеу өнері бөлімімен 55 экскурсия және 4 дәріс өткізілді. Жаңа дәріс тақырыптары әзірленіп, экскурсияға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Бөлімнің ғылыми қызметкерлері өздерінің тақырыптық бөлімдері бойынша әдістемелік құралдар әзірлеу үстінде. 2019 жылы музеймен ұйымдастырылған ғылыми семинарларға белсене қатысады, атап айтқанда,

экскурсияларды әзірлеу және өткізу әдістемесіне сәйкес, көрме кеңістігін құру дағдыларын дамыту.

2019 жылғы кураторлық көрмелердің саны бойынша Қазақстан бейнелеу өнері бөлімі сандық көрсеткіштер бойынша көш бастайды. Бөлім қызметкерлері **музейде қабырғасында өткен 21 уақытша көрмеге жетекшілік етті**, сондай-ақ экспозицияны дайындау мен өткізудің барлық кезеңдеріне белсенді қатысты. Соның ішінде, бөлім қызметкерлері 2019 жылы наурыз айында Мәскеудегі («Алпысыншы жылғылар: Түркі романтизмі») және Санкт-Петербургтегі («Сергей Калмыковтың жұлдызды тостағаны») көшпелі көрмелерін дайындау мен өткізуге қатысты.

Бөлім «Қазақстан акварелі: кеше және бүгін» атты ірі республикалық жобаны дайындауға және жүзеге асыруға үлкен үлес қосты, ауқымды көрме өткізіліп (мамырдан қыркүйекке дейін, 2019) демеушінің қолдауымен каталог шығарылды. Жалпы көрмені дайындауға бір жарым жылдан астам уақыт кетті.

Сонымен қатар, бөліммен музей қорлары мен суретшілер шеберханаларынан Тәуелсіз Қазақстан және қазақстандық contemporary art бөлімі – тұжырымдаманы өзгерту және тұрақты экспозицияны жаңарту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ БӨЛІМІ

Бөлімнің жалпы тақырыбы – Қазақтың халықтық қолданбалы өнерінің көркемдік дәстүрлеріндегі стильдің іргелі принциптері – қолданбалы өнер туындыларының көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, түрлі материалды өңдеудің ерекше техникаларын зерттеу (Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің коллекциясы мысалында) олардың, түрлік және аймақтық ерекшеліктерін айқындау.

Жеке ғылыми тақырыптары

Жұмабекова Г.М. Қазақтың зергерлік өнерінің қайнар көзі мен Бөлім жетекшісі қалыптасуы. Қазақтың зергерлік өнеріндегі стильдік бағыттар

Ажарова Н.Б. Региональные отличия, особенности АҒҚ композиционного и орнаментального решения тускизов (на примере коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева)

Баженова Н.А. Казахское художественное ткачество XIX-XX вв.: АҒҚ этнические особенности и культурные взаимосвязи

Жуваниязова Г.К. Развитие и становление казахского гобелена XX- АҒҚ XXI ғғ. Қазақ гобеленінің қалыптасуы мен дамуы

Бөлімнің негізгі жұмысы – музей қорының каталогын әзірлеу. Қазақстан зергерлік өнері және Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері

каталогтары жарық көрген. Қазіргі кезде Қазақстан заманауи сәндік-қолданбалы өнері каталогын әзірлеу жұмысы жүргізілуде: редакциялау және жаңадан түскен жәдігерлерді атрибуциялау, мәліметтерді тексеру, суретшілер жайлы мәліметтерді анықтау (білімі, өмірге келгені жайлы), жұмысы (жасалған жылы, материалы, техникасы).

Бөлім қызметкерлері Сараптама кеңесінің құрамында, олар көркемдік туындылардың атрибуциясымен шұғылданады және 41 сараптама қорытындысы дайындалды.

Бөлім қызметкерлері ҚР Көркемдік құндылықтарының Мем.тізілімі мен ҚР музей қорының Мем.каталогына деректерді беруге атсалысты – 153 және соған сәйкес 117 сақтау бірлігі ақпараты берілді.

Бөлім қызметкерлерімен 5 дәріс оқылды, 44 экскурсия жүргізілді.

Бөлім қызметкерлері 10 уақытша көрмелерге жетекшілік жасады (жоспар бойынша кем дегенде 5), сондай-ақ қордан «Ұлы дала өрнектері» уақытша көрмесін кеңесе отырып дайындады, ол музей жинағынан сирек қойылатын заттарды ұсынды.

«Жүннен жасалған бұйымдар. Сырмақтар мен тұскиіздер» тақырыптық бөлімі бойынша ғылыми жұмыс: деректерді енгізу және салыстыру, жетіспеген суреттер мен сипаттамаларды қою.

Бөлім әлеуметтік жобаларды іске асыруда көп еңбектенеді. Н. Баженова мүгедектігі бар келушілерге экскурсия жүргізеді, сондай-ақ мүгедек балаларға бағытталған әлеуметтік қайырымдылық жобаларына жетекшілік етеді.

Бөлім қызметкерлері аймақтық және халықаралық конференцияларға және семинарларға баяндамалармен қатысты, ғылыми материалдар әзірлеу бойынша жұмыс істеді. Бөлімнің ғылыми жарияланымдарының жалпы саны 6 мақала (толық түсіндіру жеке бір бөлімде).

ШЕТЕЛ ӨНЕРІ ҒЫЛЫМИ БӨЛІМІ

Музей коллекциясы XVI ғасырдан бастап бүгінгі күнге дейінгі шетел өнері коллекциясын қамтиды. Жинақтамада Ресейдің, Батыс Еуропа, Шығыс, Америка және Африка елдерінің өнер туындылары бар. Коллекцияның осы бөлімінде 80 жыл бойы жиналған Орталық Азиядағы ең үздік бірегей туындылар орын алған. Жинақтаманың ерекшелігі энциклопедиялық сипатта болғандықтан, музей әлемдік өнердің түрлі бағыттары мен стильдерін көрсете алады.

Бөлімнің кадр құрамы:

Сырлыбаева Г.Н. – жетекші

Копелиович М.М. – сектор меңгерушісі

Сальникова Мария – ғылыми қызметкер

Вологодская В. – кіші ғылыми қызметкер

Айдарбек Айгерим- кіші ғылыми қызметкер

Жеке ғылыми тақырыптары

Сырлыбаева Г.Н. Бөлім жетекшісі	1. Русские художники в Казахстане. 1930-1940-е. 2. Русское искусство в коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева.
Копелиович М.М. Сектор жетекшісі	Атрибуция произведений мастеров Востока и Западной Европы Атрибуция произведений искусства Зап. Европы из коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева
Вологодская В.А. КҒҚ	Древнерусское искусство из фондов ГМИ РК им. А. Кастеева
Сальникова М. ҒҚ	Спекулятивный релятивизм. Современный дискурс.

Музейдің ғылыми жұмысы жәдігерлерді ғылыми зерттеуді және өңдеуді талап етеді, бөлім қызметкерлері жыл көлемінде ғылыми зерттеулер жүргізеді. Бөлім қызметкерлерімен 71 туындыға сипаттама жасалды. Ғылыми картотекалар жүргізілуде (деректерді нақтылау, қосымша енгізу – 49), авторлық картотека – 20 жаңасы, 85 толықтырылды.

Көркемдік туындыларды атрибуциялау бойынша жұмыс жүргізілуде – **17 туынды** сәтті атрибуциядан өтті. Орыс өнерінің 14 туындысында мерзімдеуге, атауларын нақтылауға, сонымен қатар Сергей Калмыковтың шығармаларының атауын өзгерту қажеттілігін негіздеуге мүмкіндік туды (Г.Н. Сырлыбаеваның конференциядағы баяндамасы). Калмыковтың «Бақшасарай субұрқағы» картинасына атрибуция жасалынды, сондай-ақ «Сәби» (Германия) картинасының авторлығы анықталды.

Бөлім қызметкерлерімен Сараптама кеңесінің аясында туындыларға 43 сараптама қорытындысы дайындалды.

Бөлім қызметі шеңберіндегі ғылыми каталогпен жұмыс музейдің басқа бөлімдерімен салыстырғанда өте күрделі, өйткені сақтау қоры Батыс Еуропа, Шығыс, Ресей өнері мен ХХ ғасырдың шетелдік өнерін біріктіретін әр түрлі тақырыптық бөлімдерді бір бөлімнің аясында біріктіреді. Соған сәйкес, бұл аса ірі зерттеу материалы өнертану саласындағы үлкен ғылыми білімді талап етеді.

Қызметкерлердің әрқайсысы ғылыми каталогпен жұмыс жасайды:

- XVII-XVIII ғғ. Орыс өнерінің каталогы .: Кескіндеме, графика, мүсін (1025 сақтау бірлігі) – Сырлыбаева Г.Н.
- Ежелгі орыс өнері (150 ед. хранения) – Сырлыбаева Г.Н.
- Шығыс елдері өнері: 2 том. Қытай (басылымға дайын), Жапония («Қола» бөлімі енгізілді) – Копелиович М.М.
- Батыс Еуропа өнері (мүсінді салыстыру) – Копелиович М.М.
- Заманауи шетел өнері: Кескіндеме, мүсін, қолданбалы өнер (83 автордың 786 жәдігері өңделді) – Сальникова М.
- Заманауи баспа графика (1383 жәдігер, көлемі 207 б.) – Вологодская В.А.

- Таңба өнері (507-дің 340 жәдігер өңделді).

Бөлім музейдің ғылыми каталогпен жұмыс жасауына үлкен көңіл бөледі. Әрбір маманның жыл сайын толықтырылып отыратын нақты тақырыбы мен бөлімі бар. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясынан Қытай өнері мен Орыс өнері баспаға дайын, қаржыландыру мәселесі ашық күйінде. Бөлім қызметкерлерімен музей коллекциясының материалы мен көрме қызметін зерттейтін 8 ғылыми жарияланым дайындалды.

Музей мамандары ғылыми жобаларға, конференцияларға, семинарларға қатысады. Бөлім қызметкерлерімен жыл сайынғы «Қастеев оқулары-2019» ғылыми-практикалық конференциясына ғылыми баяндамалар әзірленіп ұсынылды»:

- Сырлыбаева Г.Н. Алмаатинская сюита Сергея Калмыкова (1941-45).
- Копелиович М.М. «Сәби» – Лоренцо Штраухтың данышпандық шығармасы
- Сальникова М.А. Эйдос – восприятие. Живописные принципы русского авангарда на примере произведений коллекции ГМИ РК им. А. Кастеева.
- Вологодская В.А. Экспериментальные особенности решения и опыт взаимодействия экспозиции выставки современного искусства в постоянной экспозиции музея искусств на примере ГМИ РК им. А. Кастеева.

Қызметкерлердің ірі республикалық және халықаралық көркемдік әрі ғылыми жобаларды дайындаудағы қызметінің маңызы зор:

- Қазақстан акварелі: кеше, бүгін. Туындыларды көрмеге іріктеп алу және каталогты редакциялау.
- Халықаралық көрме-ұйымдастыру жобасы: Авангард. №1 тізім. Көркем мәдениет музейінің 100-жылдығына. МТГ. Ресей. Шығармаларды іріктеу және алып жүру, сәуір-қазан 2019.
- 1905 ж. Таврия сарайындағы орыс портреттерінің тарихи-көркемдік көрмесі каталогының халықаралық көрме-ұйымдастыру жобасы. МТГ, Ресей. Жұмыстарды іріктеу.
- Т-10 телевизиялық жобасына қатысу. Музей коллекциясы жауһарлары бойынша тесттерді дайындау.

Бөлім қызметкерлері музейдің Сараптама кеңесінің құрамында, олар қорытынды дайындау үшін ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады – бөлім барлығы 43 сараптау қорытындысы (Копелиович М.М. – 15, Вологодская В.А. – 26, Сальникова М.А. – 2).

Қызметкерлер экскурсия жүргізеді, дәрістер оқиды, жаңа экскурсиялық және дәрістік тақырыптарды дайындайды және тапсырады – 2019 жылы бөлім қызметкерлері 3 жаңа экскурсия, сондай-ақ жаңа лекциялық тақырыптарды әзірледі. Барлығын қосқанда жыл ағымында бөліммен **27 экскурсия өткізілді, 9 дәріс оқылды.**

Экскурсиялар жүргізуге арналған әдістемелік материалдарды әзірлеу, аудиогид материалдарын толықтыру және жаңарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Әдістемелік сабақтар өткізіледі – қызметкерлер үшін Батыс Еуропа өнерінің экспозициясы бойынша семинар.

2019 жылғы кураторлық жұмыс – бөлім қызметкерлері 14 музейлік көрменің («Көрме-экспозиция» бөлімінде толықтай беріледі) кураторы болды, жоспарлы көрсеткіш бойынша 10 көрме. Бөлім қордан бірқатар тақырыптық көрмелер ұйымдастырды және өткізді. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан бірқатар тақырыптық қор көрмелері жоспарланды: Л. Литвиненко шығармашылығы, Кавказ елдері өнері: Әзірбайжан, Армения, Грузия (куратор Сырлыбаева Г. Н.). XX ғасыр өнері тұрақты экспозициясын (заманауи шетел) қайта экспозициялау жұмыстары жүргізілді. Бөлім қызметкерлерімен музейдің уақытша және тұрақты көрмелеріне жетекшілік ету жұмыстары атқарылады. Копелиовичте екі жетекшілік ету жобасы – халықаралық Хе Ши Фа (Қытай) және нэцкэ көрмесі. Вологодскаяда Гете-институттың бастамасымен Германияның заманауи фотографтардың Бейне/көрініс халықаралық көрмесі.

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТІ АЯСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ САРАПТАМА

Туындылардың түпнұсқа екендігі мен олардың авторлығын анықтау мақсатымен өнер туындыларын зертеудің жоспарлы процесі ғылыми кеңестің мақсаты болып табылады. Оның құрамына музейдің жетекші ғылыми мамандары кіреді. Кеңестің жұмысының тұжырымдамасы оның құқық аясына негізделуімен, түрлі зерттеу әдістемелерін және құжат толтыру процедурасын меңгерумен байланысты. Музейдің сараптама кеңесінің құрамы: С. Кобжанова – төрайымы, Г. Молдашева – ҒС кеңесінің хатшысы, мүшелері – Ә. Жадайбаев, Е. Резникова, К. Мұқажанова, С. Мамытова, М. Копелиович, Н. Баженова, В. Вологодская, Н. Ажарова.

Көркемдік туындыларды ғылыми сараптау стильдік, салыстырмалы-салғастырмалы талдауға, сондай-ақ, өнер бұйымдарын технологиялық зерттеу құрып, музей қорын сақтау бөлімімен бірлесіп жүргізіледі.

Сараптама комиссиясының жұмысы музейдің тәжірибелі музей қызметкерлерінің зерттеген туындыларын алқалық талқылауға негізделген.

Көркемдік-ғылыми сараптаманы толықтай жүргізу стратегиясы мыналарға сүйенеді:

- жеке коллекциялардың мәліметтер базасын құруға (мәліметтер базасының концепциясы мен құрылымы жетілдірілуге, фотосуретке түсірілуге, микроскоптың көмегімен зерттеу және микроскоптан көрінген көріністі мәліметтер базасына түсіру);
- ҚР МӨМ қорындағы туындылар бойынша суретшілер Н. Хлудов, Ә. Қастеев, С. Калмыков, Ж. Шәрденов және т.б. мәліметтер базасын құруға;
- Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ қорынан сандық форматтағы түпнұсқа жазба мәліметтер базасын толықтыруға.



Сараптама кеңесі қызметінің аясында өнер бұйымдары атрибуцияланып, көркемдік баға беріледі. Жұмыс процесі кезінде сараптама кеңесі жиналысының хаттамасы, туындыларды қабылдау-беру актілері мен басқа да ілеспе құжаттар жасалады, музейдің қор бөлімінде жұмыстық талқылаулар ұйымдастырылады.

МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ

№	Авторы, мақаланың аты	Басылым түрі, жарияланымға сілтеме	Библиографиялық мәліметтер (стандартқа сәйкес)
1.	Шалабаева Г.К. Әбілхан Қастеевтің феномені. Мысль, наурыз 2019	«Мысль» Республикалық қоғамдық-саяси журналы	http://mysl.kazgazeta.kz/?p=12979&fbclid=IwAR0Aw4PlvoYEGFlsZEnG6xGyLXYz9NI3B3xX99Tf5ni8irJm_ksEfXkGcOg
2.	Шалабаева Г.К. Carpet Weaving as a Global Cultural Phenomenon	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
3.	Шалабаева Г.К. Музей как зеркало истории	Периодическое издание «Культурное наследие»	Madeni Mura. № 6 (87) 2019 / ноябрь-декабрь. С. 114-121
4.	Резникова Е.	Вашингтондағы	Баспада

	Images of the Nomadic Civilization in Kazakhstan's Painting	халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	
5.	Исабаева К. Ancient Symbols in Modern Kazakh Crafts and Designs	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
6.	Жұмабекова Г.М. Қазақстанның халықтық және заманауи зергерлік өнеріндегі көшпенділердің мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
7.	Танская О.А. The Treasures of the Great Steppe: Kazakhstan's Tutankhamun	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
8.	Кобжанова С.Ж. Colors and Designs in the Felt Carpets from the Collection of the Kasteyev State Museum of Arts	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
9.	Баженова Н.А. Kazakh Traditional Weaving: History, Types, and Value: A study based on the collection of the Kasteev State Museum of Arts	Вашингтондағы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
10.	Резникова Е. Қазақстан кескіндемесіндегі көшпелі өркениеттің бейнелері	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 28-35 б.
11.	Резникова Е. “Pygmalion”	Көрме каталогы [мәтіндер]	“Pygmalion” галереясының

	галереясының раритеттері		раритеттері – Алматы, 2019. – 48 с.
12.	Резникова Е. Жаңа медиа кеңістігі: қазақстандық және шетелдік заманауи суретшілердің өзара әрекеттесу аймағы	http://cajas.kz/index.php/cajas/issue/view/18	Орталық Азияның өнертану журналы (ЦАИЖ), № 1, 2019. – 72-85 б.
13.	Резникова Е. Қазақстанның заманауи өнері және классикалық мұрасы: мәдениеттердің көркемдік диалогы	Халықаралық ғылыми-ақпараттық альманах	Этнодиалогтар: ғылыми-ақпараттық альманах. 2019. №1 (57) 2019. – М., 208 б. ISSN 2071-8349
14.	Сырлыбаева Г.Н. Жамбыл Жабаевтың алғашқы портреті	Ғылыми материалдар жинағы	Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштері: Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қазақ қоғамының жинағы: Шығ. 14/құр.: Р.А. Ергалиева, Б.Ш. Валиханова. – Алматы: Қазақ университеті, 2018 – 212 б. 95-106 б.
15.	Сырлыбаева Г.Н. Зеңбіректер атылғанда музалар сөйлей алама? Ұлы Отан Соғысы кезіндегі Қазақстандағы тұңғыш өнер музейі	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Тарих. Ескерткіш. Адамдар: IX Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. 27 қыркүйек 2018, Алматы. – Алматы, 2019. – 594 б. 252-259 б.
16.	Сырлыбаева Г.Н. The Manifesto of a Generation. A Painting Encapsulating and Conveying the Ethnic Artistic Idea: Portrait of Contemporaries by Tokbolat Toguzbayev	АҚШ-ғы халықаралық ғылыми симпозиум материалдарының жинағы	Баспада
17.	Копелиович М.М.	Ғылыми	Қазақстанның тарих

	Цакли – тибет кескіндемесінің өзіндік жанры. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясының материалдары бойынша	материалдар жинағы	және мәдениет ескерткіштері: Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қазақ қоғамының жинағы: Шығ. 14/құр.: Р.А. Ергалиева, Б.Ш. Валиханова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 159-204 б.
18.	Жұмабекова Г.М. Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің мән-мағынасы мен маңызы	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 65-72 б.
19.	Копелиович М.М. Альбрехт Дюрердің замандасы әрі жерлесы Лоренцо Штраухтың «Сәби» данышпандық шығармасы	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 72-83 б.
20.	Баженова Н.А. Қазақ тоқымасының түптегі мен тарихнамасы	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 145-151 б.
21.	Ажарова Н.Б. Тұскиіз – киіз үйдің сәнді жабдығының басты элементі	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 90-96 б.
22.	Горовых О.Е. Ағаштан жасалған дәстүрлі қазақ заттары асадал мен кебежені салыстырмалы талдау. Ә. Қастеев атындағы МӨМ СҚӨ коллекциясындағы	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 187-193 б.

	туындылар негізінде		
23.	Жадайбаев А.Ж. Бейне кеңістігі. Заманауи көркемсуретті музей экспозициясын жасаудың өзекті мәселелері	Ғылыми- практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 43-49 б.
24.	Жадайбаев А. “ Art on the Margins” (Ш. Уәлиханов - суретші) материалдар жинағында	Материалдар жинағы	«Қазақстанның сәндік- қолданбалы өнер және креативтік экономика» халықаралық ғылыми конференциясы АҚШ, Вашингтон
25.	Сырлыбаева Г.Н. Сергей Калмыковтың Алматы сунитасы 1941-1945 жылдар	Ғылыми- практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 55-65 б.
26.	Мұқажанова К.Ж. К. Муллашев шығармашылығындағ ы Қытай, Қазақстан, Ресей	Ғылыми журнал ISSN 2221-8130	«Временник Зубовского института» РИИИ, СПб, № 3 2019 ж. 90 – 100 б. 0,5 п.л.
27.	Мұқажанова К.Ж. Бексеит Тұлкиевтің көркемдік дүниетанымының ерекшеліктері	Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі қазақ қоғамының жинағы ISBN 978- 601-04-3180-5	Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштері 15 шығарылым, 2019 УДК 719 ББК 85.101 0,5 п.л.
28.	Мұқажанова К.Ж. «Қазақша жасау. 60- жылғы суретшілер»	Журнал «Простор»	Мамыр 2019. 5 б.
29.	Исабаева К.К. Заманауи қазақ сәндік- қолданбалы өнері мен дизайнындағы көне символика	Ғылыми- практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 113- 118 б.
30.	Жуваниязова Г.К. Кісе белдік (Ә. Қастеев ат. МӨМ қорынан)	Ғылыми- практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-

			Алматы, 2019. – 108-113 б.
31.	Сальникова М.А. Эйдос-қабылдау. Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ коллекциясы мысалындағы орыс авангардының көркемдік қағидалары	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 178-183 б.
32.	Вологодская В.А. Шешімнің эксперименттік ерекшеліктері және Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ мысалында өнер музейінің тұрақты экспозициясында заманауи өнер экспозициясының өзара әрекеттесу тәжірибесі	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 130-134 б.
33.	Бөкеш Т. Заманауи Қазақстан өнерінің қала кеңістігіне әсері (ARTBAT FEST фестивалі негізі)	Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары	Қастеев оқулары-2019: Ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.- Алматы, 2019. – 193-198 б.
34.	Жадайбаев А.Ж. Абдукарим Иса	Жолбарыс белгісімен: каталог [кіріспе мақала]	«Золотая книга» редакциясы. Алматы, 2019
35.	Жадайбаев А. Шоқан Төлештің Қола мүсіндер симфониясы	Қола мүсіндер симфониясы: альбом [кіріспе мақала]	2019
36.	Мамытова С.М. А. Нұрғожаев	Каталог [кіріспе мақала]	2019
37.	Әбілдаева Л.О. Материалдық емес мәдени мұра: музейдегі қызметі мен өзектілігі	ҚР Ұлттық музейі. Нұр-Сұлтан қ-сы. жинақ	Ғылыми еңбектер жинағы. «Ұлы дала мұралары». Шығарылым (выпуск) 2. Нұр-Сұлтан қ-сы,

			2019, – 256 б. – Қазақша, орысша, ағылшынша 8 бет
38.	Жубанова Г. «Ескен Сергебаевтың монументалды мүсін өнеріндегі туындыларының көркемдік сипаты»	Халықаралық ғылыми-көпшілік журналы	Астана: «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» 2019
39.	Омарова Е. Сергей Калмыковтың жұлдызды тостағаны	Ғылыми журнал	«Простор» журналы, №4, 2019.187-192 б.
40.	Омарова Е. АЛАУ	Каталог [кіріспе мақала]	2019
41.	Баженова Н.А. Қазақ дәстүрлі тоқымасы	Ғылыми материалдар жинағы http://www.miep.edu.ru/upload/science/evraziyskiy-nauchnyy-forum-enf/enf-2018/traditional_culture.pdf	Ғылыми мақалалар жинағы Сборн Х Евразия ғылыми форумы ы на «Үлкен Евразия халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен гуманитарлық негіздер»
42.	Жуваниязова Г.К. ӨРНЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨНЕР (Орталық Азия көшпенділері)	https://turkystan.kz/article2019	Turkistan 14 тамыз 2019
43.	Жуваниязова Г.К. Қазақстан гобелені. Түрлі-түсті тоқылу поэзиясы	https://getdaileart.com/	Электрондық ресурс, жарияланым 25 қыркүйек
44.	Нүсіп А. Өлкетану халықаралық ғылыми- зерттеу конференциясы	Қазақ қолөнеріндегі ер тоқымның түрлері	

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Ә. Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде ұйым қызметінің негізгі бағыттарын реттейтін бес Кеңес құрылған, олар: Көркемдік-әдістемелік кеңес, Ғылыми кеңес, Сараптамалық кеңес, Реставрациялық кеңес, Қор-сатып алу кеңесі (ҚСАК – қор сатып алу комиссиясы).

Музейдің ғылыми-әдістемелік жұмысына Көркемдік-әдістемелік кеңес басшылық етеді. Ол – музей қызметінің негізгі түрлерін жоспарлап,

ұйымдастыруды үйлестіретін алқалық, консультативтік, кеңесші орган. Көркемдік-әдістемелік кеңес қызметінің аясында бірқатар маңызды мәселелер шешіледі, оның ішінде музейдің құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау-есеп беру қызметінің жүзеге асуын бақылап, музейдің дәрістік-экскурсиялық жұмысының стратегиясын жасайды, ғылыми қызметкерлердің, қор сақтаушылардың, экскурсия жүргізушілердің, дәріскерлердің ғылыми принциптерді, нақтылықты, көрнекілікті, көркемдікті сақтауын және берілетін музей ақпараттарының жоғары сапалы болуын қадағалайды.

2019 жыл ағымында Көркемдік-әдістемелік кеңес жиналыстарын жүйелі түрде өткізу мынадай мақсаттар бойынша жоспарланды:

- Мемлекеттік музейдің ғылыми жұмыстарының перспективалық жобалары мен бір жылдық жоспарларының жүзеге асуын бақылау;
- экскурсияны жүйелі тыңдау, ғылыми-ағарту жұмыстарының тәжірибесін талқылау және қорытындылау;
- мемлекеттік өнер музейінің тұжырымдамаларының, құрылымдарының, тақырыптық-экспозициялық жоспарлары мен тұрақты экспозицияларының және оның көрмелерінің жобаларын дайындау;
- экскурсия жүргізуші мен ғылыми қызметкерге ғылыми-ағарту жұмысын жүргізуге (экскурсия жүргізуге, дәріс оқуға) рұқсат беру мүмкіндігін талқылау;
- ғылыми қызметкердің атқаратын қызметіне лайықтылығы туралы баға беру және аттестацияға ұсыну, ғылыми қызметкердің сынақ мерзімінен өткені туралы кепілдемелер, қызметкердің біліктілігін арттыру туралы ұсыныстар мен кепілдемелер беру;
- музейдің мәдени іс-шараларының жетекшісін белгілеп, жобасының алғашқы концепциясын әзірлеп, жоспарын бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының, сондай-ақ инновацияларды енгізудің нәтижелілігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- ғылыми құжаттама жобаларын: зерттеу жобалары мен бағдарламаларды (қорларды, экспедицияларды, іссапарларды, шет елдік тағлымдамаларды, гранттарды іріктеп жинақтау), экспозиция және көрме концепцияларын, тақырыптық-экспозициялық жоспарларды, экскурсия жүргізушіге көмек ретінде мәтіндерді, дәріс мәтіндерін, мақалаларды, ғылыми баяндамаларды, есептерді, әдістемелік зерттеулерді, жаңа экскурсиялар мен лекциялардың мәтіндерін, мәдени-көпшілік шараларды, білім беру бағдарламаларын, үйірмелер мен студия жұмысының жоспарларын қарастыру.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА, СЕМИНАРЛАР МЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕРГЕ ҚАТЫСУ

№	Баяндамалар мен сөйленген сөздердің	конференцияның атауы	Өткен уақыты мен орны
---	-------------------------------------	----------------------	-----------------------

	атауы		
1.	Шалабаева Г.К. Carpet Weaving as a Global Cultural Phenomenon	«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер және креативтік экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	Вашингтон, Смитсон институты, 4 қазан 2019
2.	Шалабаева Г.К. Қазақстан мен Ресейдің бейнелеу өнері саласындағы өзара қимылы: тәжірибе және перспективалар	«Алпысыншы жылғылар: Түркі романтизмі» көрмесі аясында «Мәдениет саласындағы Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы халықаралық дөңгелек үстелі	5 наурыз 2019, Мәскеу Ресей көркемсурет академиясының «Зураб Церетел идің өнер галереясы» музей-көрме кешені
3.	Шалабаева Г.К. Қазақстан және Ресей: мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың көпжылдық табысы	Дөңгелек үстел: «Ресей-Қазақстан: Мәдениеттер диалогы»	22 наурыз 2019 СПб, И. Репин ат. Ресей Көркемсурет академиясы
4.	Шалабаева Г.К. Мәдени мұра: Сақтау мен дәріптеудің жолдары және тәсілдері. Өзбекстан мен Қазақстанның тәжірибесі және өзара қимылы	«Материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау: оларды шешудің өзекті проблемалары және стратегиясы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы	Өзбекстан: Ташкент, Термез, Самарқанд 21-28 тамыз 2019 год
5.	Шалабаева Г.К. Қазақстан және Қытай – мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық мүмкіндіктері және перспективалары	Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ мен Қытай өнер музейлері арасындағы алмасу және ынтымақтастықты тереңдету шаралары	Шанхай, Нанкин Қытай Халық Республикасы, 10-17 қараша 2019
6.	Шалабаева Г.К. Шекарасыз музей: мүгедектігі бар келушілерге музейдің қолжетімділігі мәселесі	«Шекарасыз өнер». Халықаралық семинар	Баку, Әзірбайжан, 24-29 қараша 2019

	Ә. Қастеев ат. ҚР Мемлекеттік өнер музейінің тәжірибесінен		
7.	Резникова Е. Images of the Nomadic Civilization in Kazakhstan's Painting	«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер және креативтік экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	Вашингтон, Смитсон институты, 4 қазан 2019
8.	Резникова Е.И. Сергей Калмыков: по следам авангарда	Круглый стол «Россия-Казахстан: Диалог культур»	22 марта 2019 СПб, Российская Академия художеств им. И. Репина
9.	Исабаева К. Ancient Symbols in Modern Kazakh Crafts and Designs	«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер және креативтік экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	Вашингтон, Смитсон институты, 4 қазан 2019
10.	Исабаева К. Презентация статьи Елбасы «Семь граней Великой степи», Презентация «Музей Кастеева»	«Алпысыншы жылғылар: Түркі романтизмі» көрмесі аясында «Мәдениет саласындағы Қазақстан-Ресей қарым-қатынасы халықаралық дөңгелек үстелі	5 наурыз 2019, Мәскеу Ресей Көркемсурет академиясының «Зураб Церетелидің өнер галереясы» музей-көрме кешені
11.	Исабаева К. Презентация статьи Елбасы «Семь граней Великой степи», Презентация «Музей Кастеева»	Дөңгелек үстел: «Ресей-Қазақстан: Мәдениеттер диалогы»	22 наурыз 2019 СПб, И. Репин ат. Ресей Көркемсурет академиясы
12.	Сырлыбаева Г.Н. Роль государственных архивов в реконструкции истории изобразительного искусства Казахстана 1930-1940 годов	Архивное дело на современном этапе: проблемы, практики, инновации. Архив Президента РК	17-18 октября 2019 . Алматы
13.	Жұмабекова Г.М. Қазақстан халықтық	«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер және	Вашингтон, Смитсон

	және заманауи зергерлік өнеріндегі көшпенділердің мәдени дәстүрлерінің сабақтастығы	креативтік экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	институты, 4 қазан 2019
14.	Танская О.А. The Treasures of the Great Steppe: Kazakhstan's Tutankhamun	«Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнер және креативтік экономика» халықаралық ғылыми симпозиумы	Вашингтон, Смитсон институты, 4 қазан 2019
15.	Танская О.А. Экскурсия жүргізушінің мүгедектігі бар келушілермен жұмыс істеу ерекшеліктері	«Шекарасыз өнер» халықаралық семинары	Баку, Әзірбайжан, 24-29 ноябрь 2019
16.	Баженова Н.А. Музейдегі бейімделген шығармашылық шеберлік сабақтары – дамуында ерекшелігі бар адамдардың өнерді танудағы ерекше тұсы	«Шекарасыз өнер» халықаралық семинары	Баку, Әзірбайжан, 24-29 ноябрь 2019
17.	Көбжанова С.Ж. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан бейнелеу өнері	«Қазіргі қоғамдағы музейдің ролі: әлемдік тәжірибе және аймақтық жағдай» Халықаралық конференциясы	Атырау 2019
18.	Көбжанова С.Ж. Қазақстан бейнелеу өнеріндегі шопан бейнесі	Алтыншы Қазан өнертанушыларының оқулары. 20-21 ғасырлардағы бейнелеу өнеріндегі реалим проблемалары	Қазан 2019
19.	Мұқажанова К.Ж. Қазақстан өнертануы – Ленинград-Петербург өнертану мектебі дәстүрлерінің жалғасы	«Ленинград-Петербург академиялық өнертану мектебінің тарихи-теориялық проблемалары (Р.И. Власованың туғанына	РИИИ, Санкт-Петербург, 28-30 қазан 2019 Көлемі – 0,5 б.т.

		100 жыл толуына)» халықаралық ғылыми- практикалық конференциясы	
20.	Жадайбаев Ә. Образ кеңістігі. Заманауи көркемсурет музейінің экспозициясын құру мәселелері	«Қазақстан сәндік- қолданбалы өнері және креативтік экономика» «Қастеев оқулары» халықаралық конференциясы	Ә, Қастеев ат. ҚР МӨМ, 17-18 қазан
21.	Резникова Е.И. Көшпелі мәдениет бейнелері: баяндама	«Қазақтану» республикалық семинары	Достық үйі, Қызылорда, 6 қараша
22.	Резникова Е.И. Алматының қазіргі кезеңдегі студиялық қозғалысы: дамудың тарихи ретроспективасы және мүмкіндіктері	«Шығармашылық вирусы» көрмесі аясында «Көркемдік білімдегі шығармашылық студияның маңызы». Дөңгелек үстел	29 мамыр
23.	Мамытова С. Фестивальға қатысу	Go Viral Festival 2019 Тема: THE NEW: CREATE, COLLABORATE, INNOVATE (Жаңа: Туындат. Қимылда. Жаса) Ұйымдастырушы: Алматыдағы АҚШ Бас Консулдығы	14-16 маусым, 2019 ж. ҚБТУ
24.	Резникова Е.И. Эдуард Казаряның шығармашылық феномені	Эдуард Казаряның «Суретші шеберханасында» көрмесі аясындағы дөңгелек үстел	24 қыркүйек
25.	Көбжанова С.Ж.	ҚР Суретшілер одағының жыл сайынғы есептік көрмесі бойынша дөңгелек үстел	26 қараша
26.	Әбілдаева Л., Жұбанова Г.	Мәдени форум «Орта Азия халықтары мәдениеттерінің	Ritz Carlton

		диалогы» Дөңгелек үстел	
27.	Омарова Е.А.	Суретші Мағауия Аманжоловтың туғанына 70 жыл толуына арналған	19 қыркүйек 2019 ШҚО өнер музейі (Өскемен)

Ә. Қастеев атындағы ҚР МӨМ-дегі 2019 жылғы дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер

2019 жылы бірқатар көрмелер мен жобалар, соның ішінде соңынан дөңгелек үстелдер мен ғылыми семинарлар өткізілетін халықаралық көрмелер мен жобалар өткізілді. Пікірталас алаңының форматы мамандарды, суретшілерді, оқушылар мен БАҚ өкілдерін біріктіруге жол ашады.

Дөңгелек үстелдер музей жобалары болып белгіленген бүкіл мемлекеттік ауқымдағы оқиғалар аясында жоспарланған. Маңызды көрмелерді талқылау былайша өтеді:

- Әбілхан Қастеевтің туғанына 115 жыл толуына арналған дөңгелек үстел – 16 қаңтар 2019;
- Қожықовтар отбасылық әулетінің шығармашылығы жайлы фильм көрсету – ақпан 2019;
- Асқар Есенбаевтың «Ізденіс уақыты» көрмесі аясында шебермен шығармашылық кездесу, 28 мамыр 2019;
- «Георгий Халанскийдің студиясының» «Шығармашылық вирусы» көрмесі аясындағы дөңгелек үстел – 29 мамыр 2019
- «Летняя арт-школа. Artist talk» кураторы әрі галереист Марат Гельманмен кездесу – 28 маусым 2019
- Эдуард Казарянның «Суретші шеберханасында» жеке көрмесі аясында суретшімен шығармашылық кездесу – 24 қыркүйек;
- «Алау» көрмесі аясында суретші Әли Бақтыгереевпен және оның шеберханасының студенттерімен кездесу – 5 қараша;
- өнертанушылар мен суретшілердің қатысуымен ҚР Суретшілер одағының жыл сайынғы есептік көрмесін талқылау – 26 қараша
- таңдамалы көрмелер – мерейтойлық, халықаралық және т.б. көрмелерді талқылау;
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған шығармашылық интеллигенциямен көркем-әдістемелік кеңес, 23 желтоқсан.



МУЗЕЙДІҢ КАДР САЯСАТЫ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ кадр саясаты:

2019 жылға жалпы қызмет саны – 185

ӘБҚ – 16

Ғылыми қызметкерлер саны – 52

Қор сақтаушылар саны – 12

Реставраторлар – 8

Музей қараушылары – 33

ИТТ – 23

Шаруашылық бөлімі – 41

Ғылыми атағы бар қызметкерлер саны – 3 (өнертану кандидаттары)

Профессор, ғылым докторы – 1

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ кәсіби икемдерін жетілдіруге күш салады, жас қызметкерлерге музей ісінің аға мамандарының тәжірибесін үйретуге көңіл аударады, адам капиталын жетілдіруге икемдейді. Түрлі саладағы мамандарға – реставраторларға, ғылыми қызметкерлерге, экскурсия жүргізушілерге және т.б. арналған біліктілік жетілдіру курстары аясында, соның ішінде шет елдермен де тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, өткізеді.

2019 жылы кәсіби біліктілік деңгейін арттырудан мынадай жобалар атқарылды:

- Қытайдағы халықаралық тағлымдамаға музей делегациясының қатысуы (Шанхай және Нанкин). Жібек пен қағазға салынған қытай кескіндемесін реставрациялау тәсілдерімен танысу, музейлерге бару – Шалабаева Г.К., Қалдыбаева Г. А., Копелиович М.М., Вологодская В.А., Исабаева К.К.
- Гёте институтының қолдауымен Ә. Қастеев ат. ҚӨМ-де Германия реставраторларымен танысу;
- Мемлекеттік Третьяков галереясынан шақырылған реставратор В. Бурбицкийдің Иткиндтің ағаш мүсіндерін реставрациялау және консервациялау жөнінде консультациясы.

Музей мамандарына арналған семинарлар:

1. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-де соңынан толық шеберлік сағатын өткізу үшін графиканың сақталуымен танысу мақсатында Германия реставраторларының келуі – Гёте-Институттың ықпалымен.
2. Иткиндтің ағаш мүсіндерін реставрациялау мен консервациялаудың мүмкіндігі бойынша Мемлекеттік Третьяков галереясының реставраторы Владимир Бурбицкийдің (Мәскеу, Ресей) шеберлік сағаты – музей реставраторлары мен қор сақтаушылар үшін.
3. Тәжірибелі мамандардың (Копелиович М.М., Мұқажанова К.Ж., Жадайбаев Ә.Ж.) білгендерін жас қызметкерлерге үйретуге бағытталған ішкі семинарлар өткізіледі – көрме концепцияларын әдістемелік жетілдіру, экскурсия жүргізу, экспозиция жасау бойынша теориялық білімдері мен практикалық дағдылар.
4. Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ өз кезегінде Қазақстан мен жақын республикалардың түрлі ұйымдарының музей мамандары үшін семинарлар өткізіп тұрады. 29 қарашада 2018-2019 жылдар кезеңіндегі ҚР МӨМ практикалық тәжірибесінде Музей қызметін цифрландыру жобасының таныстырылымы болды. Таныстырылым қалың көпшілікке есептелгенімен, ең алдымен музей ісі мамандарына қызықты болады. Шеберлік сағаттары кейінгі екі жыл бойы музейде сынақтан өткен практикалық тәжірибені көрнекті түрде көрсетеді. Бағдарлама келесідей таныстырылымдар мен шеберлік сағаттарын қамтиды:
 - «Музей объектілерін сақтау және қозғалту есебінің автоматтандырылған жүйесі – музей қызметін ақпараттандырудың негізі»;
 - «Музей экспонаттарын 3D үлгісінде жасау кезінде фотограмметрия әдістерін одан әрі пайдалану үшін цифрлық суреттерді алуда тұнықтығы жоғары цифрлық камераларды пайдалану»;
 - «Музей экспонаттарның цифрлау үшін оптикалық 3D сканерлерін пайдалану».
5. Экскурсия жүргізушілердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша семинар – инклюзия жобасы аясында мүгедек-келушілермен жұмыс – жыл ағымында.
6. Көркемдік сараптау семинары Біліктілікті арттыру бағдарламасы, «Мәдени құндылықтарды сараптау. 1-саты», Спб Музей қызметін стандарттау ғылыми-зерттеу институтының директоры Вячеслав Шестаков, 25-28 қараша 2019.

Музейдің баспасөз қызметі

Музейдің көрермендермен белсенді өзара іс-әрекеті, музей оқиғаларын БАҚ пен әлеуметтік желілерде уақтылы жариялау – музей қызметінің аса маңызды қыры. Баспасөз қызметінің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің, оның коллекциясының, бүкіл әлемдік өнердің

барлық түрін, музейде болып жатқан барлық оқиғалар жайлы кеңейтілген ақпараттық хабарландыру арқылы дәріптеу. Баспасөз қызметінің жұмысы дәріс, экскурсия, музей мерекесі, дөңгелек үстел, тақырыптық кеш, шығармашылық кездесу, семинар және т.б. сияқты көрермендермен жұмыс жүргізудің түрлі формасы арқылы музейдің мәдени-білім беру функциясын жүзеге асыруға бағытталған. Мәдени-білім беру қызметі аудиториямен бір реттік қана байланыс жасауға емес, олардың музейге ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде келіп тұруына бағытталуы тиіс. Баспасөз қызметі – мақсаттық аудиторияның түрлі буынымен жұмыс істеу. Баспасөз қызметі бұл бағытта келушілер контингентін кеңейтіп, оның санын арттыру үшін әдістемелік әрі мақсатталған жұмыс жүргізіп отыр.

Баспасөз қызметі өз жұмысында мынадай бағыттарды қамтиды:

- БАҚ-пен жұмыс, музей оқиғаларын жариялау, Қазақстан өнері мен музей коллекциясын жариялау;
- Музей оқиғаларын талдап, жүзеге асыруға жәрдем ету;
- Мақсатты әлеуметтік-мәдени жобалар мен бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруға бағытталған музей қызметінің шығармашылық-өндірістік қызметін жарнамалық-маркетингтік және ақпараттық қолдауды жүзеге асыру;
- Қазіргі экономикалық және мәдени жағдайларда музейді дамыту міндеттерін орындау үшін жаңа маркетингтік әдістерді зерттеу;
- БАҚ-пен және интернет-ресурстармен өзара белсенді қимыл жасау;
- Бірлескен жобаларды жүзеге асырып, алдыңғы қатарлы шет елдік тәжірибелермен танысып, оларды қолдану үшін жергілікті және шет елдік мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен, дипломатиялық миссиялармен, шет елдік корпорациялармен байланыс орнату;
- Музей сайты және Facebook; Twitter; YouTube; Instagram; ВКонтакте; ОК әлеуметтік желілерді басқару.

Айы	Телевидение	Газеттер	Радио	Сайттар/ақпараттық агенттіктер	Журналдар	Барлығы
Қаңтар	99	27	12	18	5	161
Ақпан	23	16	12	13	3	67
Наурыз	79	33	28	46	5	191
Сәуір	56	39	24	46	5	170
Мамыр	69	33	28	38	6	174
Маусым	27	19	16	16	1	79

I -жартыжылдық жиыны	353	167	120	131	22	842
Шілде	110	25	16	20		171
Тамыз	100	39	20	24	5	188
Қыркүйек	54	40	32	31	2	159
Қазан	57	26	24	26	6	140
Қараша	35	29	16	15	1	98
Желтоқсан	45	42	20	38	4	149
II -жартыжылдық жиыны	401	202	128	154	18	906
2019 жылдың жиыны	1748					

Каналдар – Хабар, Хабар24, KazakhTV, Алматы, Евразия, Қазақстан, СТБ, Мир24, Астана, HitTV и другие

Газеттер – Қазақстанская правда, Вечерний Алматы, Литер, Курсив, Деловой Қазақстан, ЭкспрессК, Время, Новое поколение, Комсомольская правда, Аргументы и факты, Егемен Қазақстан, Ана тілі, Түркістан, Қазақ Әдибиеті және басқалар.

Журналдар – Жер Жиһан, Үркер, Простор, Мысль, Vintage, ЭкспертҚазақстан, The Village, Harpers Bazaar, Forbes

Радио – Радиоклассика и другие

Порталдар – kazmuseum.kz, oner.kz, Sxodim.kz, Afisha.kz, ArtTube.ru, buro247, Власть, InAlmaty, <https://esquire.kz/>, azattyk.kz,

Баспасөз қызметінің өткізгені:

Баспасөз конференциялары – 7

- 1) «Періштелер уақыты» аукцион алды қуыршақ көрмесі
- 2) Мәскеу. «Түркі романтизмі» көрмесі
- 3) «Нәзік тепе-теңдік» (жапон графикасы) көрмесі
- 4) «Pigmalion галереясының раритеттері» көрмесі

Баспасөз турлары – 8

- 1) «Періштелер уақыты» аукцион алды қуыршақ көрмесі
- 2) Мәскеу. «Түркі романтизмі» көрмесі
- 3) Петербург. «Сергей Калмыковтың «Жұлдызды тостағаны»
- 4) Якутия журналистеріне музей бойынша баспасөз туры

- 5) Халықаралық мәдени баспасөз туры
- 6) Халида Шимованың көрмесі бойынша баспасөз туры
- 7) «Нәзік тепе-теңдік» (жапон графикасы) көрмесі бойынша баспасөз туры
- 8) «Pigmalion галереясының раритеттері» көрмесі көрмесі бойынша баспасөз туры

«Әсем әлем» өнер академиясының дәрістері – 31 (ұйымдастырғаны)
Музей директоры, профессор Гүлмира Шалабаеваның жарияланымдары мен интервьюлері:

Жарияланымдары:

1. «Мысль» қоғамдық-саяси журналы, «Әбілхан Қастеевтің феномені», наурыз, 2019
2. «Простор» журналы, наурызмарт 2019 - <http://zhurnal-prostor.kz/index.php?id=3037>

Интервьюлері:

1. «Литер» газеті, «Влюбить в искусство», 6 наурыз 2019 ж.
 2. «Эксперт Казахстан» журналы - https://expertonline.kz/a16105/?fbclid=IwAR1VXvNTY5KFRpzmehvNnDB_iGQI33I5AIYx7M5yvEH8zsSD4aA0jN-IQ
 3. Литер, 16 қазан 2019 ж. - <https://liter.kz/interview/10320-vpervye-muzey-im-akasteeva-predstavil-svoi-issledovaniya-smitsonovskomu-institutu/?fbclid=IwAR0RmFPU9wWSGcbapWLQBUAPNa2OMgU10HMxMCadTrJnAUt-cRC0tJXeuOQ#.XacexRWC05Y.whatsapp>
 4. Вечерний Алматы – Степь вдохновения - <http://vecher.kz/incity/step-vdokhnoveniya>
 5. Канал KazakhTV Вашингтондағы симпозиум туралы - <https://www.youtube.com/watch?v=hRQbDkFKgng&t=15s>
 6. Канал Хабар 24 Вашингтондағы симпозиум туралы - <https://www.youtube.com/watch?v=rB3k2EueLPw&t=27s>
 7. Канал Хабар 24 – Музейлер шеңуі - <https://www.youtube.com/watch?v=iq6FUmT0NW4&t=12s>
 8. Канал Хабар 24 – Музей түні туралы - <https://www.youtube.com/watch?v=sLVY5wQC-IY>
 9. Канал KazakhTV – Мәскеудегі «Түркі романтизмі» көрмесі жайлы - <https://www.youtube.com/watch?v=dj1XTXDlK1U&t=63s>
 10. Канал KazakhTV – Қастеевтегі музыкалық вернисаждар - <https://www.youtube.com/watch?v=-aVkoOyyeCo&t=28s>
 11. Канал Евразия – «Түркі романтизмі» көрмесі жайлы - <https://www.youtube.com/watch?v=KyR8T7Kaknc&t=27s>
 12. Канал Хабар 24– «Түркі романтизмі» көрмесі жайлы - <https://www.youtube.com/watch?v=Ugrx274Yk8U&t=18s>
 13. Канал СТВ - <https://www.youtube.com/watch?v=C82Q6AbnJJI>
- Клара Исабаеваның ғылыми жарияланымдары:

1) Ancient Symbols in Modern Kazakh Crafts and Designs (Symposium in Washington)

2) Заманауи қазақ сәндік-қолданбалы өнері мен дизайнындағы көне символика.

Дәріс және экскурсиялық жұмыстар бөлімі

Бөлімнің басты міндеттерінің бірі – музей қызметінің барлық түрін және оның коллекциясын, сонымен бірге бүкіл әлемдік көркем мұраны дәріптеу.

Бөлім жұмысының негізгі формалары: БАҚ-пен, дипломатиялық өкілеттіктермен, қоғамдық ұйымдармен, қорлармен және барлық деңгейдегі оқу орындарымен байланыс жасап, экскурсиялар мен дәрістер ұйымдастырып, өткізу, сондай-ақ практикалық шеберлік сағаттарын, сән көрсету, балаларға арналған білім беру бағдарламаларын және т.б. түрлі шығармашылық жобаларды (серіктес компаниялармен бірлесіп) ұйымдастыру.

Бөлімнің құрамында 7 экскурсия жүргізуші-қызметкер және бөлім меңгерушісі бар:

Нұғыманова Шолпан

Крылова Карина

Нүсіп Ақжігіт

Қайырбекова Гафура (50% жалақы)

Қамидоллаева Динара (50% жалақы)

Бөлім жетекшісі – Танская Оксана.

2019 жылы бөлімнің мәдени-білім беру қызметі келушілер аясын кеңейтуге бағытталды. Қойылған міндетті орындау музей қызметкерлері мен қаланың оқу орындарының ұстаздар ұжымын өскелең ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге, көркемдік біліммен және әлемді эстетикалық қабылдау тәжірибесімен байытуға күштерін біріктіреді.

Шын мәнінде, бөлім – музей мен аудитория арасындағы негізгі байланыстырушы буын. Қызметкерлер музей өміріне, музейдің бүкіл жобасын ұйымдастырып, іске асыруға белсене ат салысады. Ең бірінші кезектегі жұмыс түрлері:

- Экскурсиялар мен дәрістерді ұйымдастырып, өткізу;
- Маңызды атаулы күндерге орайластырылған көрмелердің жүзеге асуына көмектесу;
- Аудиогидтермен және ақпараттық дүңгіршекпен жұмыс істеуге қатысу;
- «Әсем әлем» өнер академиясының әлемдік өнер тарихынан дәрістер циклын ұйымдастыруға ат салысу;
- Халықаралық музей күніне орайластырылған музей жобаларын, «Музей Наурызы» бағдарламаларын (іс-шаралардың тақырыптары сақталған экспозициялық кеңістіктер бойынша

экскурсиялық бағдарламалар, шеберлік сабақтары, концерттік бағдарламалар мен интерактивтік қызметтер) ұйымдастыру.

- мектеп демалысы кезінде мектеп жасындағы балаларға арналған «Ғажайып шам» тұрақты музей жобасын өткізу (тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтары);
- 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне арналған бағдарлама дайындау;
- Музейдегі квест (келушілер көп сұрайтын жұмыс түрлерінің бірі) сияқты түрлі жастағы адамдарға арналған ерекше бағдарлама жасау.

2019 жылдың жоспары бойынша бөлім қызметкерлері 300 экскурсия жүргізуі керек. Бөлім қызметкерлері 9 көрмеге жетекшілік ету жоспарланған.

Музей экспозициясы бойынша экскурсия тақырыптары тұрақты экспозицияның келесі тақырыптарын қамтиды:

Ә. Қастеевтің шығармашылығы

Қазақстан бейнелеу өнері

Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері

Батыс Еуропа өнері

Орыс өнері залы

Музей залдары бойынша шолу экскурсия (орыс тілінде)

Музей залдары бойынша шолу экскурсия (ағылшын тілінде)

XX ғасырдағы заманауи шет ел өнері

Шығыс өнері залы

Бөлім тұрақты экспозициядан басқа уақытша көрмелер бойынша да экскурсия жүргізеді. Бөлім қызметкерлері барлығы 612 экскурсия жүргізіп, 17 дәріс оқыды. Экскурсиялар мен дәрістердің жаңа тақырыптары игерілуде, келушілердің арнайы топтарын есепке ала отырып (жас ерекшеліктері, мүгедектігі бар келушілер және басқалар), авторлық экскурсиялар, жеке бағдарламалар әзірленеді.

Экскурсия бөлімі жетекшісінің бастамасымен музей қызметкерлерінің делегациясы суретшілердің шеберханасына барады – 2019 жылы 6 шеберханаға барды.

Бөлім аударма жұмысына көмек көрсетеді – орыс – қазақ – ағылшын.

Практикант-студенттермен жұмыс жүргізіледі: аудармашы, ағылшын тілі Абылай хан ат. ҚазХҚжӘТУ, Жүргенов ат. ҚазҰӨА музейге жыл сайынғы келуі 4 курс, зерттеу практикасы, Жүргенов ат. ҚазҰӨА магистранттары, практиканттарға экскурсия, ҚазҰУ студенттері, Музей түні жобасын дайындау, Аяла Байжанова, ЕАГИ колледжі.

Бөлім қызметкерлері балалар мен жасөспірімдерге арналған «Әсем әлем жастар» дәрістер циклын тарихқа кіргізді, онда 2019 жылдың бірінші тоқсанында 10 дәріс оқылды. Курстың зор табысы балалар (7-14 жас) мен олардың ата-аналары үшін икемделіп жасалған Қазақстан өнері тарихынан

дәрістердің екі тілде – қазақ және орыс тілдеріндегі жаңа циклы үшін жаңа тақырыптарды кеңейтіп, әзірлеуге музей мамандарына қозғау салды.

Бөлім қызметкерлері 11 мерзімдік көрмелерге жетекшілік жасады.

2019 жылы бөлім қызметкерлері мынадай жобаларға қатысты:

Жобаның атауы және оның дәрежесі	Серіктестері	Қатысу кезеңі
<p>Ай сайынғы «Театр вернисажы» жобасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Щелкунчик» 2. «Щелкунчик» 3. «Сонеты Шекспира» 4. «У войны не женское лицо» 5. «У войны не женское лицо» 	<p>Еңбек сіңірген қайраткер М.Ю. Ганцеваның «Andres шоқжұлдызы»</p>	<p>20 қаңтар 3 наурыз 7 сәуір 19 мамыр 9 маусым</p>
<p>Министрліктің бұйрығы бойынша Қазақстан киноөндірісі шығармаларын көрсету</p>	<p>Бірлескен куратор Новикова Т. «Қазақфильм» киностудиясы</p>	<p>18-29 маусым</p>
<p>Музей челенжі. «Өнер түні»</p>		<p>30 тамыз 18.00-02.00</p>
<p>Жыл сайынғы «Музей Наурызы» жобасы</p>	<p>«Тес и Жокей» сауда маркасы. Шай дегустациясы. Сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің жәрмеңкесі</p>	<p>24 наурыз</p>
<p>Жыл сайынғы «Музей түні» жобасы</p>		<p>18 мамыр</p>
<p>«Музей түні 2019» жобасы аясында «Жан біткен портреттер» жобасы</p>	<p>Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ ғылыми қызметкерлері</p>	<p>18 мамыр</p>
<p>Жыл сайынғы балалар көрмесінің ашылуы және концерттік бағдарлама</p>	<p>Қастеев ат. музейдің Art-зертханасы, студия педагогтары, экскурсия бөлімінің қызметкерлері</p>	<p>1 маусым</p>
<p>Фёдоров Құдай ана иконының музей тізіміне алынғанына 50 жылдығына шаралар бағдарламасы</p>	<p>ҚР-дағы Ресей ынтымақтастығы. Никольский соборы жанындағы орталық-базалық жексенбілік мектеп.</p>	<p>15 қыркүйек</p>

МУЗЕЙДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК және ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ музейге келуші мүгедектігі бар көрермендерге қол жетімді болуына бағытталған маңызды әлеуметтік жобаларға әрдайым бастамашы болып отырады. Музейдің әлеуметтік жобаларының мақсаты – осыған мұқтаж жандарға шынайы көмек қолын созу.

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ біраз жылдардан бері мүгедек келушілермен жұмыстың әр түріне бағытталған жобалар өткізеді. Атап айтқанда, зағип жандарға арналған «Қолға сезілетін бейнелер» жобасы, экспозицияға жанаспалы экспонаттар қойылған «Барлығы үшін қол жетімді музей» жобасы, және ерекше мұқтаж келушілерге арналып 2018 жылы ҚР БПҚ көмегімен іске қосылған «Рухани шабыт» фестивалі.

2019 жылы маңызды қоғамдық мәнге ие болған бірқатар әлеуметтік жобалар жүзеге асты. Ресей Федерациясы Елшілігімен бірлесе өткізілетін Халықаралық қуыршақ көрмесі ойдағыдай дәстүрлі жоба болып үлгерді. Ресей және Қазақстан қуыршақшы шеберлерінің авторлық туындылары көрмеге қойылып, аукционға қатысады. Бұл – «Періштелер уақыты» авторлық интерьерлік қуыршақтардың аукцион алдындағы қайырымдылық көрмесі. Аукциондағы сауда-сатықтан түскен барлық қаражат муковисцидозбен ауыратын балаларға көмекке жіберіледі. Көрме дәстүрлі түрде қаңтар айында өтеді.

Ақпан айында да ОКЗ-да жас суретші Бақыт Бүбіқанованың онкологиялық аурумен күресін қолдау мақсатында заманауи өнер туындыларын сату көрмесі болды. Оның бақытсыздығына бей-жай қарамаған жас авторлар өз туындыларын көрмеге қойды, одан түскен қаражат жас қыздың еміне жіберілді.

Екінші маңызды әлеуметтік жоба – екі қолы бірдей жоқ суретші Кәріпбек Күйіковтің жеке көрмесі. Оның шығармашылығы алғыр автордың өзі құрбаны болған ядролық сынақтан бас тартуға үндеуге арналған. Көрме Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-де қазан айында өтті.

Музей әр түрлі мүгедектігі бар келушілер – тірек-қимыл аппараты бұзылған, көзі нашар көретін, менталдық бұзылуға ұшыраған жандармен ұдайы жұмыс істейді. Музей мамандары келушілердің ерекше топтарымен практикалық жұмыстар жүргізеді. Музей делегациясы 25-29 қарашада Баку қаласында өткен «Шекарасыз музей» халықаралық семинарына қатысты.

КӨРМЕ-ЭКСПОЗИЦИЯ ЖҰМЫСЫ

Көрмелерді музей коллекциясын қайта таныстыру құралы деуге болады. Экспозиция кеңістігіне музей жинақтамасының інжу-маржандары болып қана қоймай, еліміздің көркемдік қазынасына кірген ең үздік туындылар қойылған. Экспозиция қордың бір бөлігін ғана көрсетеді, бұл,

әрине, сөз жоқ, оның ең үздік үлгілері. Тақырыптық бөлімдердің ішінде экспонаттар хронологиялық тәртіппен қойылған, олар көрермендерді әлемдік және аймақтық өнердің негізгі тарихи даму кезеңдерімен таныстырады.



Музей экспозициясы екі басты бөлімге бөлінген, олар – уақытша көрмелер және тұрақты көрмелер. Залдар мен галереялардағы экспозициялар мен уақытша көрмелерді безендіру жұмыстарының барлығы, олардың орындалу мерзімі музейдің жалпы экспозиция-көрме жоспарына сәйкес жоспарланады.

Тұрақты экспозиция 13 тақырыптық бөлімді қамтиды, олар: Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Ә. Қастеевтің мемориалдық залы, 1930-1990 жылдардағы Қазақстан өнері (кескіндеме, мүсін) – 3 залда, Тәуелсіз Қазақстан өнері (2 галерея), XX ғасыр және қазіргі заман (заманауи шет ел өнері), орыс өнері, Батыс Еуропа өнері, Шығыс елі өнері. Жаңа бөлім көрермендерге XX ғасырдағы шет ел өнерін жаңартылған нұсқасында ұсынды. Сонымен бірге contemporary-art Тәуелсіз Қазақстан өнері бөлімімен толыққан Қазақстан бейнелеу өнері экспозициясына елеулі өзгерістер енгізілді.

Музейдің негізгі ғимаратындағы көрмелерден басқа музей қызметі аясындағы түрлі көрмелер мен жобаларды белсенді өткізіп келе жатқан Орталық көрме залы Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-нің құрамдас бөлімшесі ретінде қызмет етеді.

Жалпы алғанда, 2019 жылы 63 уақытша көрме (жоспарлық көрсеткіш бойынша ең кемінде 40) өткізілді.

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ мен ОКЗ-да 2019 жылы өтетін көрмелер жоспарының алдын-ала жобасы

2019 жылы ең кемінде 40 уақытша көрме өткізу жоспарланған.

№	Көрменің атауы	Күні
1.	«Мен осындай әр қилымын». Алексей Уткиннің	07.12.18-

	жеке көрмесі	20.01.19 ж.
2.	«Құмға сурет салғандар». Табылды Мұқатовтың туғанына 70 жыл толуына арналған суретшінің жеке көрмесі	09.01-03.02.19 ж.
		
3.	«Періштелер уақыты». Авторлық интерьерлік қуыршақтардың халықаралық қайырымдылық көрмесі. (Ресей, Қазақстан)	11.01.-26.01.19 ж.
		
4.	Суретші Лидия Литвиненконың көрмесі. ҚР МӨМ қорынан	26.01-30.03.19 ж.
5.	Алена Веселованың «Векторлар» және Надежда Бесединаның «Көп есімнің ішіндегі жалғыз». Екі суретшінің бірлескен көрмесі	01.02-25.02.19 ж.
		


6.	<p>«Бейсана экзистенциясы». Суретші Есімғали Жұмановтың жеке мерейтой көрмесі</p> 	07.02-03.03.19 ж.
7.	<p>«Ғасырлар аралығындағы диалог» Суретші Жанат Көшеннің жеке көрмесі. Кескіндеме және графика</p> 	01.03-29.03.19 ж.
8.	<p>«Жүзінен жылу төгілген нәзік жандар...». ҚР МӨМ қорынан көрме</p>	01.03-28.03.19 ж.
9.	<p>«Владимир Киреев. Кескіндеме». Владимир Киреевтің туғанына 75 жыл толуына арналған жеке көрмесі (портрет, пейзаж)</p>	05.03.-05.04.19 ж.
10.	<p>Халықаралық көрме. «Ағыстың бойымен және ағысқа қарсы. Қазіргі заман фотоинтервенциясы». Германия</p>	02.03-27.04.
11.	<p>«Заманауи жапон өнері» көрмесі. ҚР МӨМ қорынан</p>	07.03-30.03.19 ж.
12.	<p>«Заманауи нэцкэ». «Заманауи жапон өнері» көрмесі аясында «Қазақстандағы Жапон Елшілігінің» көмегімен ҚР МӨМ ұйымдастырған халықаралық жылжымалы көрме. ҚР МӨМ қорынан</p>	12.03.-24.02.19 ж.
13.	<p>«Мен өмір суретін әлем - ғажайып!». Қуыршақшы Гүлфарида Жаниярованың жеке көрмесі</p>	28.03-28.04.19 ж.

14.	«Мүмкіндіктер плаитрасы. Дәстүрлер және жаңашылдық» Гульжанат Қабижанова (киіз, батик) мен Нұрия Бикинееваның (құрақ мозаика) бірлескен көрмелері	05.04-28.04.19 ж.
15.	«Менің алғашқы көрмем». Қазақстандық суретші Жиенбай Орынбаевтың жеке көрмесі	10.04-02.05.19 ж.
16.	«Түркі әлемінің бесігі». О. Таңсықбаев ат. Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі оқытушыларының көрмесі	25.04.-12.05.19 ж.
17.	«Ізденіс уақыты». Мүсінші әрі график Асқар Есенбаевтың жеке көрмесі 	03.05-30.05.19 ж.
18.	«Шығармашылық вирус». «Георгий Халанскийдің студиясының» 20 жылдығына студия шәкірттерінің топтық кескіндеме және графика көрмесі 	08.05-31.05.19 ж.
19.	«Қазақстан акварелі: кеше және бүгін». Қазақстандық акварельші-суретшілер мен ҚР МӨМ қорынан акварель көрмесі	18.05-25.09.19 ж.
20.	«Көктем нұры». Халықаралық музей күніне музейдің суретші-қызметкерлерінің көрмесі	18.05-30.08.19 ж.
21.	«ARTCARAVAN ALMALINE 2019» жобасы аясында ҚР, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан кәсіби суретшілерінің халықаралық көрмесі - халықаралық пленэр	28.05-10.06.19 ж.

		
22.	Халықаралық балаларды қорғау күнінен арналған көрме	01.06-30.06.19 ж.
23.	«Үндестік». Суретші Қансейіт Қарлығаш Лесқызының көрмесі	05.07-28.07.19 ж.
24.	«Дебют». Суретші Алмас Нұрғожаевтың көрмесі	01.08-25.08.19 ж.
		
25.	«Мерей жастағы суретшілер». ҚР МӨМ қорынан көрме	25.07-31.08.19 ж.
26.	«Уақыт және суретші». Астанамыз Нұр-Сұлтан қаласы күніне арналған көрме	05.07-31.07.19 ж.
27.	«Қытай кескіндемесі және графикасы. 19-21 ғасырлар». ҚР МӨМ қорынан көрме	18.07-14.11.19 ж.
28.	«Ұлы Дала өрнектері». ҚР МӨМ қорынан сәндік-қолданбалы өнер көрмесі	02.08-31.08.19 ж.
		
29.	Суретші, қолданбалы өнер шебері Күлипа Жұбаниязованың мерейтой көрмесі. ҚР МӨМ қорынан және отбасылық жинақтамадан	28.08-25.09.19 ж.
30.	«Бір белдеу – бір жол». Қытайлық суретші Чжан Би Юйдің халықаралық көрмесі	09.08-31.09.19 ж.
31.	«Кенеп пен жібек бетіндегі кескіндеме». Қырғызстандық суретші Халида Шимованың	04.09-29.09.19 ж.

	халықаралық көрмесі		
32.	«Суретші шеберханасында». Қазақстандық белгілі мүсінші Эдуард Казарянның көрмесі		06.09-29.09.19 ж.
33.	«Нәзік тепе-теңдік». Жапонияның 9 үздік суретшісінің халықаралық заманауи графика көрмесі		12.09-06.10.19 ж.
34.	«Закавказье республикаларының өнері». ҚР МӨМ қорынан көрме		20.09-31.12.19 ж.
35.	«Ұлы Дала сыры». Мәжит Бәйтеннің кескіндеме көрмесі		20.09-06.10.19 ж.
36.	Канадалық суретші Майкл Клоздың халықаралық заманауи графика көрмесі		27.09-24.10.19 ж.
37.	Семейлік суретші Кәріпбек Күйіковтің қайырымдылық көрмесі		03.10-16.10.19 ж.

		
38.	«Тұран романтизмі». Қазақстанның қазіргі заман 45 суретшісінің конкурс-көрмесі	04.10-28.10.19 ж.
39.	«Владимир Стерлигов пен Татьяна Глебованың графикасы. Алматы кезеңі (1942-1945) (жеке коллекциядан)»	09.10-30.10.19 ж.
40.	«Алау». Кескіндемеші Әли Бақтыгереевтің шеберханасының көрмесі	11.10-03.11.19 ж.
41.	«Бейнелеу / Көрсету». Германиядан халықаралық фотография көрмесі	30.10-01.12.19 ж.
42.	«Әрқашан біргеміз». Авторлық интерьерлік қуыршақтардың үшінші халықаралық көрмесі	30.10-10.11.19 ж.
43.	«Арманымдағы Қазақстан». Конкурс-көрме	06.11-30.11.19 ж.
44.	«Қазақстан суретшілерінің жыл сайынғы есептік көрмесі». ҚР Суретшілер одағы ҚҰ ұйымдастырған көрме	12.11-03.12.19 ж.
45.	<p>«Pygmalion галереясының раритеттері» – 19-20 ғасырлардағы Батыс Еуропа баспа графикасы және ағаштағы жапон гравюрасы» көрмесі</p> 	21.11-?
46.	Белгілі кеңестік және қазақстандық суретші, КСРО СО мүшесі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Үкі Әжиевтің мерейтойлық графика көрмесі	05.12-31.12.19 ж.

		
47.	Қазақстандық график-суретші, КСРО СО мүшесі Мақым Қисамединовтің туғанына 80 жыл толуына арналған мерейтой көрмесі	05.12-31.12.19 ж.
48.	Суретші Шоқан Төлештің көрмесі	11.31-31.12.19 ж.
Орталық көрме залы		
49.	«Асыл тастар әлемі». Сәндік-қолданбалы өнер көрмесі. Ұйымдастырушы Краморова В.Ю.	15.03-24.03.19.
50.	«Өткеннен жаңғырық». Қазақстан суретшілерінің топтық көрмесі. Ұйымдастырушы Жұбанышева Т.	06.04-20.04.19
51.	Ресей суретшілерінің халықаралық көрмесі. Ұйымдастырушы «Зерек» шығармашылық орталығы	01.02-30.04.19
52.	«Әлем – балалар көзімен». № 46 өнер гимназиясы оқушыларының көрмесі. Ұйымдастырушы Оразбекова Ж.Р.	10.05-24.05.19
53.	Ресей суретшілерінің көрмесі. Ұйымдастырушы «Красный квадрат» галереясы	01.05-31.07.19
54.	Майда моншақ өнері көрмесі. Ұйымдастырушы Вербицкая Наталья	07.06-30.06.19
55.	Д.Б. Жүсіпованың жеке көрмесі	11.06-11.07
56.	«Өсімдіктер әдемі және жануарлар әлемі». А. Тенгизбайдың жеке көрмесі	16.08-30.08.19
57.	Заманауи корей суретшілерінің халықаралық көрмесі. Ұйымдастырушы «Азия ЭКСПЕДИШЕНС Тревел»	17.09-20.09.19.
58.	«ЗД натюрморттар». Галина Воронцованың жеке көрмесі	18.09-18.10.19.
59.	А. Игембаевтың жеке көрмесі	05.09-30.09.19
60.	«Ұмай» балалар көркемсурет мектебі	05.09-03.10.19
61.	ҚР Суретшілер одағы жастар секциясының көрмесі	12.11-03.12.19
62.	Е. Смурыгиннің жеке көрмесі	03.12-31.12

63.	Өнер мектептері балалар шығармашылығы көрмесі	04.12-18.12
-----	---	-------------

Экспозиция бөлімінің есептік қызметі

1. Өрт жүйесін қайта жобдықтауға байланысты барлық залдарды жөндеу.
2. Рекреация залында жарықтандыру жабдықтарын орнату.
3. Жоспарланған мерейтойлық көрмелерге ҚР МӨМ қорынан кескіндемелік туындыларды безендіру – қажетінше.
4. Этикетаждың жаңа дизайнын жасау, ескілерін сатылап ауыстыру.
5. Барлық экспозициялар мен көрмелерді құру және түсіру, этикетаждарды дайындау, аннотациялар мен басқа да ақпараттық материалдарды безендіру; қор сақтаушылардағы Ішкі қозғалыс актілері бойынша туындылардың сақталуын қабылдау.
6. Барлық уақытша көрмелерге қабылдау және қайтару актілерін жүргізу.
7. Барлық уақытша көрмелердің экспонаттарының тізімінің мұрағатын құру.
8. Барлық көрмелер мен экспозициялардың аннотациялары мен афишаларының мұрағатын құру.
9. Ішкі қозғалыс актілерінің мұрағатын құру.
10. Қор сақтаушылармен бірге залдардағы экспонаттардың сақталу жағдайы мен өзгерістерін бақылау.
11. Экспонаттарды ілудің бірыңғай деңгейін ұстау.
12. Теле-, фото-, кинотүсірілім және т.б. орындарына экспозициядан кейін қайтарылуы тиіс экспонаттар беру.
13. Музейдің қоғамдық өміріне араласу (залдарды семинарларға, концерттерге, түсіруге және мерекелік шараларға әзірлеу).

Безендіруші-суретшілердің жұмысы

№	Жұмыс түрі	Саны	Уақыты
1	Графика мен балалар суреттерін паспартумен безендіру	730	Жыл ағымында
2	Жабдықтарды жөндеу: витриналар тумбалар қалқандар	9 дана 27 дана 40 дана	Жыл ағымында
3	Планшеттерді жиектеу	32	Шілде-тамыз
4	Тумбаларды сырлау	80	Шілде-тамыз

Зал қараушылардың жұмысын бақылау

Бөлімнің тұрақты экспозиция секторы зал қараушылардың (33 адам) ағымдағы күнделікті жұмысын бақылады, атап айтқанда:

- экспонаттардың сақталуын қадағалау; приборлардың көрсеткенін түсіріп алу (температурасы және ылғалдылығы);
 - этикетаждардың, оларды ілу деңгейінің жағдайы;
 - музей залдарындағы экспонаттарды күнде есептеу және қозғалысы журналын енгізу;
 - аға зал қараушылармен бірге 25 бөлімше бойынша зал қараушылардың кезекшілік графигін, демалыс графигін, дүйсенбі күндері және мереке күндері кезекшілік графигін, бекітіліп берілген бөлімшелерді жинау графигін және т.б. жасау;
 - залдар мен галереялардың, баспалдақ алаңдарының, бөлім қор сақтау залдарының және т.б. жиналу сапасын бақылау;
 - наурыз-сәуір айларында және күз айларында киіздер мен кілем бұйымдарын күйеден өңдеу;
 - жылына екі рет ішкі аула аумағын құмырсқадан өңдеу жұмысын жүргізу.
- Музейдің зал қараушылары тегін кіру күндері (әр айдың үшінші жексенбісі), Халықаралық музей күні, 29 тамыздағы Музей түнінде, Балаларды қорғау күні, қуыршақ көрмесіне және т.б. өте көп келушілерді қабылдайды.

Зал қараушылармен жиналыстар, жедел жиындар, экспонаттарды сақтау, оларды залдарға апару ережелерімен, ілу ережелерімен, қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыру жөніндегі нұсқау жұмыстары ұдайы жүргізіледі.

МУЗЕЙДІ ЦИФРЛАНДЫРУ

Ә. Қастеев ат. ҚР МӨМ-ді цифрландыру екі негізгі бағытта жүргізіледі. Бірінші: көлемді экспонаттардың 3D көшірмелерінің цифрлық мұрағатын құру, бағыт аясында 2018 жылы фотограмметрия әдісімен 3D сканерлеудің әдістемесі мен технологиясы жасалған 3D зертханасы құрылған болатын. 2018 жылы осы технология бойынша жалпы саны 300-ден асатын мүсінді сақтап отырған Қазақстан мүсіні қорын қамтитын 3D цифрлық мұрағаты құрылған. 2019 жылы 3D сканерлеу процестерін оңтайландыру жолымен одан да екі есе көп экспонат, оның ішінде зергерлік бұйымдар, теріден, ағаш пен сүйектен жасалған экспонаттар, тоқыма бұйымдары, киім заттары цифрландырылған. Мұрағатты 2D цифрлық бейнелермен толықтыру жұмысы жалғасуда. Қазіргі дейін цифрланған экспонаттардың саны 16 100.

Екінші: 3D мұрағатын қауіпсіз сақтау, есепке алу және зерттеу. Музейдегі осы мақсаттарға жету үшін қорғалған сервер (интернетке қосылмаған) жинастырылған салқындату және өрт сөндіру жүйелері бар серверлік бөлме жабдықталған. Есепке алу-сақтау және ғылыми мақсаттар үшін ҚЕ АИЖ мәліметтерінің автоматтандырылған жүйесі жасалды. Жүйе

толықтай отандық өнім әрі музей мамандарының талабы ескеріле отырып, арнайы ҚРМӨМ-нің мүддесі үшін жасалған. Жүйені түрлі бағыттағы музейлер үшін де ыңғайландырып жасауға болады.

Бүгінгі күнге жасалып қойылған музей экспозициясындағы 3D экспонаттарының цифрлық каталогын таныстыру мәселесі тұр. Осыған байланысты экспозицияға заманауи мультимедиалық техникалық құрал-жабдықтар мен бағдарламалық жасақтама, соның ішінде: мультимедиялық дүңгіршектер, тұнықтығы жоғары техникалық видеопроекциялар, виртуалдық көрініс технологиясын енгізу зәру міндет болып тұр.

Ақпарат және баспа қызметі бөлімі

Бөлім қызметі баспа қызметінің, музей жобаларын техникалық қолдаудың алуан түрін, музейдің кәде-сый өнімдерін дайындап жасауды қамтиды. 2019 жылы атқарылған жұмыс түрлері:

1. Баспа қызметі:

- «Қастеев оқулары» конференциясының баяндамалар жинағын беттеп шығару;
- Мақтау қағаздарын, алғысхаттарды, сертификаттарды, дипломдарды, құттықтаулар мен ағымдағы басқа да құжаттамаларды дайындап, оларды дизайнерлік шешіммен безендіріп басып шығару;
- Музейде өтіп жатқан шараларға афишалар, шақыру билеттері мен буклеттер жасау.

2. Техникалық жобалар:

- Музей шараларын техникалық қолдау. Жыл бойына
- Музейдің компьютерлер мен ұйымдық техникалық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету. Жыл бойына
- Компьютерлерді бағдарламалық жасақтандыру – операциялық жүйе, антивирустарды жаңалау және орнату, бағдарламалар орнату және т.с.с.
- Мүмкіндікті (қол жетімділікті) бақылау және басқару жүйесін жасау. Бұлар – рұқсатсыз кіруден сақтау, жұмыс уақытын есептеуді автоматтандыру, еңбек тәртібінің бұзылуын бақылау шаралары.

3. LED-экрандағы ақпараттарды жаңарту – видеороликтерді құрстырып, орналастыру.

4. Кәде-сый өнімдері:

- Кәде-сый өнімдерін дайындап, жасап шығару

5. Құжаттамаларды, музей каталогтарын, Мемлекеттік реестрге беретін мәліметтерді аударып, редакциялау – қазақ және орыс тілдерінде.

Бөлім музейдегі барлық инновацияларды: аудиогид, LED-экрандағы ақпараттарды жаңарту, ақпараттық дүңгіршекті жаңарту, QR-кодтармен

жұмыс істеу, галереяларда 3D жұмысын жалғастыруды техникалық жарақтандыру жұмысын жүргізеді.

Ә. Қастеевтің музей-үйі

Ә. Қастеевтің музей-үйінің басты мақсаты – қазақ кескіндемесі кәсіби мектебінің бастау бұлағында тұрған суретші Әбілхан Қастеевтің көркемдік мұрасын зерттеу, сақтау және көпке дәріптеу.

Музейдің құрылымдық бөлімшесі болатын музей-үйдің қызметі – келушілердің алуан тобын тарту, түрлі форматтағы жұмыстар жүргізу, соның ішінде ғылыми және білім беру жұмыстары – суретшінің және суретшімен қатар қызмет еткен басқа да қылқалам шеберлерінің шығармашылығы жайлы дөңгелек үстелдер, студенттерге арналған шеберлік сағаттары мен пленэрлер ұйымдастыру, ғылыми конференцияларға баяндама жасап қатысу.

Басқа да мемориалдық кешендермен – Алматы қаласындағы музей-үйлермен ынтымақтастықты нығайту.

Ә. Қастеевтің шығармашылығы жайлы газеттер мен журналдарға мақала дайындап, жариялау.

Атаулы объектіге туристерді көптеп тарту мақсатында Алматының туристік ұйымдарымен жұмыс істеу.

Үй мен оның айналасындағы оған тиесілі аумақты күтіп ұстау, мүмкіндігінше косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу.



Инженерлік-техникалық қызмет және ғимаратты күтіп-баптау және қызмет көрсету бөлімі

- Музейді электр қуатымен, жылумен қамтамасыз ету және сумен жабдықтау және басқа да көрсетілетін қызметтермен жылдың басында барлық коммуналдық кәсіпорындармен келісімшарт жасалған (Энергосбыт, Бастау, ГоспаСу, Жылу жүйесі және т.б.)
- Апаттық оқиғалар үшін орнатылған дизельді генераторға профилақтық байқау жүргізілді. Радиаторға жөндеу жүргізіліп,

салқындатқыш жабдықтағы сұйықтық пен оның қозғалтқыш бөлшегінің сүзгіштері ауыстырылды.

- Қор сақтау залдарындағы, кітапханадағы және реставрация залдарындағы сүзгіштер ай сайын ауыстырылады.
- Кондиционерлердегі сүзгіштер ай сайын ауыстырылады.
- Кондициялау және желдету жүйелеріндегі заманауи профилактикалық, жөндеу және майлау жұмыстары жоспарлы түрде (тоқсан сайын) жүргізілді.
- Жаз кезінде тоңазытқыш жабдықтың дұрыс және үздіксіз жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету үшін олардың жалпы диагностикасы жүргізілді, фреон деңгейі тексеріліп, бақыланды, сүзгіштер ауыстырылып, басқа да профилактикалық жұмыстар жүргізілді.
- Видеобақылауға, күзін дабылы және операторлық қызметтері жүйесіне профилактикалық жұмыстар уақтылы жүргізілді.
- Ағындық жабдықтарға күш беретін қондырғылардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қосалқы бөлшектер мен материалдар сатылып алынды. Мысалы, барлық кондиционерлер мен қайта айналдыру құрылғылары үшін сапалы белдіктер сатылып алынды, автоматика жүйесіндегі «фазаны бақылау» релесі ауыстырылды. Осы шаралардың нәтижесінде қазіргі кезде барлық жабдықтар дұрыс әрі ақаусыз жұмыс істеп тұр.
- Машина залдарында бекітілген график бойынша тазалау жүргізіледі, орнатылған жабдықтар сыпырылып, жуылады. Осының бәрі жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуінің, сүзгіштерді таза ұстаудың кепілі, қорытындылай айтқанда, жабдықтардың уақытынан бұрын істен шығып қалуына жол бермейді әрі музей қаражатын үнемдейді.
- Төтенше және өрт қаупі бар оқиғаларды болдырмау үшін тоқсан сайын музейдің электр қуатын бөлетін негізгі қалқандарында байқау және профилактикалық жұмыстар жүргізіледі (ГРЩ-1, РЩ-2,3,4.).
- Жыл сайын қызметкерлердің (электриктердің) біліктілігі тексеріледі, қауіпсіздік техникасы жөніндегі ереже бойынша білімдері тексеріледі, емтихандар қабылданады.
- Инженерлік-техникалық қызмет жұмыстарына қажетті материалдар мен қызметтерді сатып алу жүргізіледі, бағалық және коммерциялық ұсыныстарды іздеу тұрақты жүргізіледі.
- Көрмелердің экспозиция залдарында жоғары деңгейде өтуі үшін инженерлік-техникалық қызмет қызметкерлері жедел жұмыс істейді және залдарды дұрыс жарықтандырумен қамтамасыз етеді, температуралық режим мен ылғалдылықтың қажетті деңгейінің сақталуын қадағалайды.
- Көгалдарды жаңа суғару жүйесі құрастырылды.
- Аққан жаңбыр мен еріген қар суларынан шатырды жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

- Көгалдарды адамның қатысынсыз суғару мақсатында суғару жүйесін жақсарту үшін жартылай автоматты түрде орындалатын спринкерлер қондырылды.
- Суғару жүйесін ұдайы сумен қамтамасыз ету үшін көлемі 10x3 м темір ыдыс жөндеуден өтті.
- Музей түнін қайта өткізуге байланысты шараға арнап әшекей тізбектер ілінді, жалгерлер электр қуатын беру көздеріне қосылды және т.б.
- Ә. Қастеев музей-үйі мен ОКЗ-да жылу жүйесі мен элеватордағы вентильдер мен арматураларды жаңартып, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.
- Бүкіл музейде қысқы жылу беру мерзіміне жылыту жүйесін әзірлеу жұмыстары жүргізілді, бүкіл музей ресми түрде өз уақытында жылу жүйесіне қосылды.
- Кондициялау және желдету жүйелеріндегі заманауи профилактикалық, жөндеу және майлау жұмыстары жоспарлы түрде (тоқсан сайын) жүргізілді.
- Музейдің машина залдарын қысқы кезеңге дайындау мақсатында музей аумағында және ғимарат шатырында орналасқан ауа жинайтын жоғарғы және төменгі шахталарды жабу жұмыстары жүзеге асты.
- Жаз кезеңінің аяқталауына байланысты тоңазытқыш жабдықты тоқтатып ажырату және консервациялау жұмыстары жүргізілді.
- Күзгі-қысқы мерзімге дайындық үшін жыл сайынғы бақылау-өлшеу аспаптарын тексеру.
- Прожектордың орнына ғимаратты жарықтандыратын 10 дана шам орнатылды.
- Инженерлік-техникалық қызмет қызметкерлері музей аумағын тазалау мен жинау, түрлі шаралар өткізу үшін орындықтар мен үстелдерді тасу ; жаз кезінде көгал мен шөп шабу, қысқы мерзімде музей аумағын және шатырды қардан тазалау жұмыстарына ұдайы көмектеседі.
- Суғару жүйесін қысқы мерзімге үрлеп тазалау жүргізілді.
- Ғимараттың солтүстік жағынан мүсіндер арнап бетон алаң құйылды (2x2 м).